Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

**Б.У.Салыхова, Ж.Ж.Акимбаева, Р.А.Абдраимова**

# ЖАҺАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕР

## Мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулық

Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сынып мұғалімдеріне арналған нұсқаулық

# 8

baspasy
arman-pv

АРМАН-ПВ баспасы

ӘОЖ 373(072)
КБЖ 74.26
С18

Салыхова Б.У. ж.б.

С18 **Жаһандық құзыреттер:** негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбының мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулық. / Б.У.Салыхова, Ж.Ж.Акимбаева, Р.А.Абдраимова. – Астана: «Arman-PV baspasy», 2024. – 56 бет.

ISBN 978-601-201-205-7

«Жаһандық құзыреттер» пәнінен оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбының мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулықта пән мазмұны бойынша ұсынылған тапсырмалар, тақырыптық жоспар үлгісі, қысқамерзімді сабақ үлгілері мен әдістемелік ұсынымдар берілген.

ӘОЖ 373(072)
КБЖ 74.26

© Салыхова Б.У.,
Акимбаева Ж.Ж.,
Абдраимова Р.А., 2024

ISBN 978-601-201-205-7

© «Arman-PV baspasy», 2024

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

АРМАН-ПВ баспасы

# АЛҒЫ СӨЗ

Қымбатты әріптес!

«Жаһандық құзыреттер» – жаңа леп, заман талабынан туындаған пән. Қоғам барған сайын қарқынды өзгерістермен дамуда. Жаһандану дәуірінде жаһандық құзыреттер табысты өмір мен мүдделі мақсаттың ажырамас бөлігіне айналады. Бұл оқулық теориялық біліммен қатар осы құзыреттерді тиімді игеру және қолдану бағдары болып, жаһандық дағдылар әлеміне бастар білім көзі және нұсқаушы болып саналады. Біз мәдениеттердің әртүрлілігіне бейімделу, әлемнің әр бөлігіндегі адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау және жаһандық әсерді ескере отырып, күрделі мәселелерді шешу қабілеті табыстың негізгі факторына айналатын дәуірде өмір сүріп жатырмыз. «Жаһандық құзыреттер» оқулығының ауқымы кең.

Оқулықтағы жұмыс бағыттарын жүйелі жүргізу мақсатында оқушының жас ерекшелігіне қарай төмендегідей айдарлармен жұмыс бағыттарын ұсындық.

«Меңгерілетін білім» – сабақтың мақсатынан туындаған талаптар.

«Кел, ойланайық!» – сабақ тақырыбын қозғау алдындағы ойтолғаныс.

Негізгі мәтін ешқандай айдарға телінген жоқ. Тапсырмалар негізгі мәтін айналасына құрылды.

«Түйін сөздер» – сабақ мазмұнына қатысты ойларды кілт сөздер.

«Талда!» – мәтінге қатысты сұрақтар, ұсынылған ақпаратты талдау.

«Бұл маңызды» – көбіне кілт сөздерге кең түрде түсінік беретін анықтамалар, тақырыпқа қатысты тұжырымдар.

«Ойлан!» – логикалық тапсырмалар.

«Анықта!» – білім-тәжірибеге сүйеніп, орындалатын тапсырмалар.

«Жадыңда сақта!» – маңызды жаднамалар, заңдар, ережелер.

«Зертте!» – зерттеушілік-ізденімдік тапсырмалар.

«Жасап көр!» – АКТ қолданып, орындалатын тапсырмалар: жобалар, бейнероликтер т.б.

«Даналардан шыққан сөз» – тақырыпқа қатысты даналық сөздер.

«Оқы, қызық!» – тақырыпқа қатысты қызықты қосымша мәліметтер.

«Сәйкестендір!» – ұғымдар мен анықтамаларын, нақыл сөздер мен авторларын т.б. сәйкестендіруге арналған логикалық тапсырмалар.

«Ойна да ойла» – ойын түріндегі тапсырмалар: сөзтізбектер, ребустар, сөзжұмбақтар.

«Жағдаяттық тапсырма» – әртүрлі жағдаяттардан шығу жолдарын қарастыратын тапсырмалар мен іскерлік ойындар.

«Біліміңді тексер!» – кері байланыс, сабақ соңында өзіне ұнаған маңызды ақпарат туралы ой бөлісу.

Ұсынылып отырған әдістемелік құралда 8-сыныпқа арналған пәнді оқыту бағытында мұғалімге бағдар болатын әдістемелік және дидактикалық материалдар енгізілген. Үлгі түрінде сабақ жоспарлары ұсынылған.

Нәтижелі табыстар мен шығармашылық серік болсын, әріптес!

АРМАН-ПВ баспасы

# ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Ұзақ мерзімді жоспарда тақырыптар, тақырыптарды игеруге жұмсалған сағаттар саны және күтілетін нәтижелер түрінде оқу мақсаттары көрсетілген.

Мұғалім тақырыптарды жоспарлау кезінде сағат санына сәйкес оқу тақырыптары мен мақсаттарын өзгерте алады, сынып ерекшеліктерін, жеке ерекшеліктерді және оқушылардың дайындық деңгейін ескере отырып өзгерістер енгізе алады.

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Күтілетін нәтижелер (соңғы өнім) |
|---|---|---|---|
| | **Этика және әдеп** | | |
| 1 | Қазақ халқының дәстүрі ретінде ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас этикасы | 3 | Бейнеролик дайындау<br>Рөлдік ойын<br>Жағдаяттық есептерді шешу<br>Ардагерлермен кездесу |
| 2 | Отбасылық құндылықтар: әкем, анам және мен – тату отбасымыз | | |
| 3 | Адалдық пен әділеттілік – өмір ұстанымдары | | |
| 4 | Академиялық адалдық | | |
| 5 | Саяхат этикасы: біз өз елімізді таныстырамыз | | |
| | **Азаматтық патриотизм** | | |
| 1 | Біз – біртұтас халықпыз! | 3 | Әлеуметтік жоба<br>«Жақыныңа жанашыр бол» қайырымдылық челленджі<br>Бейнеролик дайындау |
| 2 | Отаныма арналады | | |
| 3 | Елім – менің жүрегімде! | | |
| | **Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық** | | |
| 1 | Бейне хостинг не үшін қолданылады?<br>Жалған танымалдық | 4 | Зерттеу жұмысы<br>Жағдаяттық есептерді шешу<br>Рөлдік ойындар<br>Сызба құру<br>Конкурс |
| 2 | Отбасы кірістері | | |
| 3 | Жинақтау және олардың түрлері | | |
| 4 | Отбасылық шығындар | | |
| 5 | Тұрғын үй несиесі. Ипотека | | |
| 6 | Жоспарсыз сатып алу | | |
| 7 | Отбасы бюджетін жүргізу ережесі | | |
| | **Өмір сүру қауіпсіздігі** | | |
| 1 | Ережелер мен заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік | 5 | Зерттеу жұмысы<br>Жағдаяттық есептерді шешу<br>Стартаптар |
| 2 | Жауапты іс-әрекет және инфекцияның алдын алу | | |
| 3 | Жеке басына қол сұқпаушылық құқығы | | |
| 4 | Зорлық-зомбылыққа жол жоқ! | | |
| 5 | Алғашқы көмек көрсету ережелері | | |
| | **Экологиялық мәдениет** | | |
| 1 | Табиғатқа деген сүйіспеншілік | 3 | Стартаптар<br>Дөңгелек үстел (О.Сүлейменовтің «Бөлтіріктер» поэмасын талқылау)<br>Зерттеу жұмысы<br>Аргументтік эссе<br>«Табиғатты қорғау біздің қолымызда!» экологиялық акциясы |
| 2 | Болашақта Жер қандай болуы керек? | | |
| 3 | Табиғи апаттар | | |
| 4 | Қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін жауапкершілік | | |

АРМАН-ПВ баспасы

# КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

| Бөлім атаулары | № | Сабақтың тақырыбы | Сағат саны | Мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| Этика мен әдеп | 1. | Ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас этикасы мен отбасылық құндылықтар | 1 | |
| | 2. | Адалдық пен әділеттілік – өмір ұстанымдары. Академиялық адалдық | 1 | |
| | 3. | Саяхат этикасы: біз өз елімізді таныстырамыз | 1 | |
| Азаматтық патриотизм | 4. | Біз – біртұтас халықпыз | 1 | |
| | 5. | Отаныма арналады | 1 | |
| | 6. | Елім – менің жүрегімде | 1 | |
| Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық | 7. | Бейне хостинг не үшін қолданылады? Жалған танымалдық | 1 | |
| | 8. | Отбасы кірістері мен отбасылық шығындар. Отбасы қорын жинақтау түрлері | 1 | |
| | 9. | Тұрғын үй несиесі. Ипотека | 1 | |
| | 10. | Отбасы бюджетін жүргізу ережесі. Жоспарсыз сатып алу | 1 | |
| Өмір сүру қауіпсіздігі | 11. | Ережелер мен заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік | 1 | |
| | 12. | Жауапты іс-әрекет және инфекцияның алдын алу | 1 | |
| | 13. | Жеке басына қол сұқпаушылық құқығы | 0,5 | |
| | 14. | Зорлық-зомбылыққа жол жоқ! | 0,5 | |
| | 15. | Алғашқы көмек көрсету ережелері | 1 | |
| Экологиялық мәдениет | 16. | Табиғатқа деген сүйіспеншілік | 1 | |
| | 17. | Болашақта Жер қандай болуы керек? | 1 | |
| | 18. | Табиғи апаттар. Қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін жауапкершілік | 1 | |
| **Барлығы** | | | **17** | |

Біз оқулықта 24 тақырыпты түгел қамтып, 18 параграфқа жинақтап бердік. Жалпы, сағат саны – 17 сағат (13 және 14 тақырыптарды қосып оқытуды ұсынамыз). Пән мұғалімінің өз таңдауы бойынша (сабақты өткізудегі 25% өзгерту құқығы) тақырыптарды қамту, оқушыларға өз материалы мен тапсырмаларын ұсыну еркіндігі бар.

АРМАН-ПВ баспасы

АРМАН-ПВ баспасы

# ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

## І БӨЛІМ. ЭТИКА ЖӘНЕ ӘДЕП

### §1. Ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас этикасы мен отбасылық құндылықтар

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | І бөлім. Этика және әдеп | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 8 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | §1. Ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас этикасы мен отбасылық құндылықтар | |
| Сабақтың мақсаты: | – білім алушылар халық дәстүрі негізіндегі ұрпақтар сабақтастығын, адами асыл қасиеттер мен қарым-қатынас этикасын, отбасылық құндылықтарды, ізгі қарым-қатынастардың адам өміріндегі маңыздылығын ұғады;<br>– отбасылық құндылықтарды бағалай білуді, айналасындағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауды меңгереді;<br>– ізеттілік, парасаттылық, қамқорлық, татулықтың мағынасы туралы білімдерін тереңдетіп, Отанға деген сүйіспеншілік отбасынан басталатынын түсінеді;<br>– оқушылар отбасы алдындағы жауапкершіліктерін сезініп, адам бойындағы асыл қасиеттерді құрметтеуге, адал да әдепті болуға ұмтылады. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу.<br>Психологиялық ахуал қалыптастыру:<br>«Сүйіспеншілік энергиясын жіберу» ойыны. | Оқушы шеңбер құрып, қол ұстасып, тізбекпен бір-бірінің көзіне қарап жүректен шыққан жылы тіркестерді айтады. | Мейірімді сөздер арқылы кері байланыс жасау: *Мен сені жақсы көремін, Мен сені құрметтеймін* т.б. | Компьютерден көңілді әуен |
| Сабақтың ортасы<br>30 мин | **«Кел, ойланайық!»**<br>Оқулықта берілген сұрақтарды қояды. | Оқушылар өз пікірлерін жүйелі түрде айтып, ойларын (көзқарас, себеп, мысал, жалпылау) баяндай білуге үйренеді, дәлелді мысалдар келтіреді. | **Дескриптор:**<br>– рухани құндылықтар туралы сұрақтарға жауап бере алады. | Оқулық<br>Таныстырылым |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **«Түйін сөздер»** айдарында «ізеттілік», «құндылық», «қара шаңырақ» сөздерінің мағынасын, түсініктерін сұрайды, **«Бұл маңызды»** айдарында берілген анықтамаларға назар аударуды ескертеді. | Түйін сөздердің мағынасын талдап, «Бұл маңызды» айдарындағы анықтамалармен танысады. Сөздердің мағынасын ажыратады. | | Интербелсенді тақта<br>Таныстырылым |
| | **Мәтінмен жұмыс.** Мұғалім «Отбасы татулығы» және «Тату ағайындылар» атты аңыз-әңгімелерді түсініп оқып шығуды ұсынады. Өсиет әңгімелер туралы қысқаша мағлұматпен таныстырады. «Әркім өзінде барымен бөліседі», – деген сөйлемнің мағынасына көңіл бөлуді ескертеді, қалай түсінгендерін сұрайды. Сұрақтар оқулықта. Екі мәтіндегі оқиғаларды жинақтап қорыту мақсатында мұғалім «Венн диаграммасын» сызуды ұсынады.<br>**«Оқы, қызық!»** айдарында берілген өсиет әңгіме туралы қысқаша мағлұматпен таныстырады. Өсиет әңгімені түсініп оқып, ой тұжырымын жасауды ұсынады. | Мәтінімен жұмыс істейді. Сұрақтарға жауап береді. Татулық, ынтымақ, адам бойындағы асыл қасиеттерді құрметтеуге, адал да әдепті болу туралы өз ойларымен бөліседі, отбасы дәстүрі мен құндылықтары туралы пікірлерін білдіреді.<br>Оқушылар сұрақтар бойынша мәтіннің мазмұнын талдайды. Венн диаграммасын құрастырады.<br>Өсиет әңгімені оқиды, ой түйіндейді. | **Дескриптор:**<br>– отбасы алдындағы жауапкершілікті сезінеді;<br>– отбасындағы әкенің, ананың рөлі туралы айта алады;<br>– ата-баба мұрасына құрметпен қарауды және өзінің отбасындағы міндетіне баса назар аударады;<br>– оқушылар өз өмірлерінен мысалдар келтіреді. | Оқулық |
| | **«Жасап көр!»** Мұғалім оқушыларды әртүрлі әдіспен топқа бөледі. Берілген тапсырмаларды орындатады. Мұғалім тапсырманы орындауға уақыт береді әрі қанша қалғанын хабарлап отырады. Әуезді әуенді баяу қосып қояды. | Топтық жұмыстарды орындайды, топ алдында қорғайды. | Смайликтермен бағалау | Смайликтер<br><br>Ақ парақ, түрлі түсті маркер не фломастер, оқулық |
| | **«Зертте!»** Оқушыларға өз отбасында қандай жақсы салт-дәстүр, мерекелер бар екеніне ізденіс жұмыстарын жасатады. Осы тақырыпта берілген мәліметтерді негізге ала отырып, отбасы құндылықтары туралы ата-әжелерінен немесе ата-аналарынан сұхбат алуды ескертеді. Алған сұхбаттары бойынша заманауи үлгіде бейнеролик жасауға немесе TikTok түсіруді ұсынады. | Оқушылар ізденіс жұмыстарын жүргізеді, мәтін мен тақырып негізінде отбасы мүшелерімен сауалнама өткізеді.<br>Үйден бейнеролик жасайды немесе TikTok түсіреді. (Тапсырманы үй жұмысы ретінде үйден орындайды.) | «Мадақтау сөз» әдісімен бағалау «Жарайсың!», «Жақсы!», «Өте жақсы!», «Тамаша!», «Талпын!» | |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Бекіту<br>5 мин | Оқушылардың сабақтан алған жаңа ақпараттарды еске сақтай отырып, түйінді мәселені ойында ұстауына мүмкіндік береді. Әке, ана, баланың отбасындағы рөлі мен отбасы бақытының маңыздылығын сезінеді.<br>Мұғалім Д.Исабековтың «Қара шаңырақ» романынан үзінді келтіреді. Автор «Қара шаңырақ» ұғымын «Боз дала» тіркесімен байланыстыратынын ұғындырады. | «Қара шаңырақтың» киелі ұғым екендігін білетін болады. Оқушылар ана сүтімен бірге даритын, үлкенді сыйлап, ізет көрсету, кішіге қамқорлық жасау секілді асыл қасиеттерді бойына сіңіреді.<br>«Қара шаңырақ» ұғымын «Боз дала» тіркесімен байланыстырады. | **Дескриптор:**<br>– «қара шаңырақ» ұғымы туралы түсінеді;<br>– рухани асыл қазыналар туралы білімді игереді;<br>– «боз дала» тіркесімен байланыстырады. | Д.Исабеков «Қара шаңырақ» романынан үзінді:<br>1. https://kitap.kz/audio-book/kara-shangyraq-1<br>2. https://www.youtube.com/watch?app=desktop&v=PB2y7rS-LFM |
| Сабақтың соңы<br>5 мин | **«Біліміңді тексер!»** Сабақты қорытындылау. | Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. | | Оқулық |
| Рефлексия | «Сүйіспеншілік гүлі» әдісі.<br>Балаларға гүл күлтешелері тектес жапырақшаларды таратып, өз ата-аналарының бойындағы жақсы қасиеттерін не өз тілектерін жазуды ұсынады. | Оқушылар ата-аналарының бойындағы ең жақсы қасиеттерін (немесе тілектерін) жазады және барлық жапырақтарды тақтаға әдемі гүлдесте түрінде жапсырады. | | Жапырақша түріндегі қағаз қиындылары.<br>Тақтада гүлдің суретінің макеті не жобасы. |

## §2. Адалдық пен әділеттілік – өмір ұстанымдары. Академиялық адалдық

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | І бөлім. Этика және әдеп | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 8 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | §2. Адалдық пен әділеттілік – өмір ұстанымдары. Академиялық адалдық | |
| Сабақтың мақсаты: | – оқушылар адалдық пен әділдік және ар-ұждан тазалығының мәнін біліп, академиялық адалдықтың мағынасын түсінеді;<br>– адами қарым-қатынастағы адалдықтың, әділдіктің орны мен маңызы туралы түсінігін кеңейтеді;<br>– ар – әділдіктің, адалдықтың, шынайылықтың бірден-бір өлшемі екенін, ар – адамның өзіндік әділеті мен академиялық адалдығы екенін ұғынады;<br>– адалдық пен әділдікті, кішіпейілділікті дұрыс ұғына білу біліктіліктерін дамытып, айналасындағы адамдарға ізгі қарым-қатынас жасауға дағдыланады;<br>– өз бойларында адалдық, әділдік және шыншылдық, шынайылық қасиеттерін дамытады. | |

Арман-ПВ баспасы

## Сабақтың барысы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу.<br>Психологиялық ахуал қалыптастыру:<br>«Алғыс» ойыны өткізеді. Қатысушылар бір-біріне допты немесе жұмсақ ойыншықты лақтырып, ризашылықтарын білдіреді. | Қатысушылар бірі-біріне допты немесе жұмсақ ойыншықты лақтырып, «Мен саған ... үшін ризамын» дейді. | Мұғалімнің ауызша кері байланысы | Компьютер, әуезді әуен |
| Сабақтың ортасы<br>30 мин | **«Кел, ойланайық!»**<br>Мұғалім сұрақтар қояды. Бұл кезеңде оқушылардың ұғымдары мен түсініктерін толықтыру мақсатында түрлі әдіс-тәсілдер арқылы адалдық пен әділдік, академиялық адалдық туралы, парыз алдында адал болу және адам өміріндегі адалдықтың мәні жөнінде ой тұжырымдарын жасауға бағыттайды.<br>**«Түйін сөздер»** айдарында берілген «адалдық», «шыншылдық», «қадарлы», «шынайылық», «академиялық адалдық» сөздеріне **«Бұл маңызды»** айдарында берілген түсініктер арқылы сөздердің мағынасын ұғынуға жетелейді. | Оқушылар адалдық пен әділдік, академиялық адалдық туралы, парыз алдында адал болу және адам өміріндегі адалдықтың мәні жөнінде нақты дәлелдер мен мысалдар келтіре отырып, ой тұжырымдарын жасайды. Өмірмен байланыстырып, ұтымды жауаптар береді.<br><br>Оқушылар түсініктерін айтады, «Бұл маңызды» айдарында берілген анықтамалармен танысады. | **Дескриптор:**<br>– сұрақтарға жауап береді;<br>– академиялық адалдық ұғымын түсінеді;<br>– адам өміріндегі адалдық пен әділдіктің алатын орнын саралайды. | Оқулық<br><br>Таныстырылым |
| | **Мәтінмен жұмыс.** Оқулықта берілген «Шыншыл бала» атты корей ертегісін және Т.Құнанбаевтың «Әкем Абай туралы» естелігінен алынған үзінді оқытады. Балалардың қалай түсінгендерін білу үшін сұрақтар қояды. Сұрақтарды оқушылармен бірге талдайды. Әңгіме мазмұнының құндылықтық мәнін, адалдық пен шыншылдық қасиеттерінің мағынасын ашады. Ортаға пікір салу үшін «Ақпараттық сүзгі» тәсілін қолданады. Сүзгіде ойдың ең құндысы және алынған ақпараттар айтылады.<br>**«Жасап көр!»** QR-code-тан бейнежазбаны тамашалап, Абайдың шындық үшін күресін өлеңдері арқылы дәлелдейді. | Оқушылар жетекші сұрақтар арқылы «Сүзгі» тәсілімен мәтінмен жұмыс істейді.<br><br>Сүзгінің түбіне талдауда берілген әр сұрақ бойынша алған жалпы ойлар мен ақпараттарды жинақтайды.<br><br>Ең құндысы – оқушы осы сұрақтарды қалай түсінгенін түйіндейді. Бұл тәсіл арқылы оқушы мәтіннің негізгі ойын ажыратуға үйренеді.<br>Ізденіс жұмыстарын жасап, ұлы Абайдың шындық үшін күрескеніне дәлелдер келтіреді. | **Дескриптор:**<br>– мәтіндегі негізгі ойды ажыратады;<br>– академиялық адалдық ұғымының мәнін түсінеді;<br>– шындықтың мағынасын ашады;<br>– адами құндылықтарды зерделейді;<br>– тыңдалымнан, қосымша материалдардан | Оқулық<br><br>Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – 2005.<br><br>QR-code<br><br>«Бала Абай ақсақалдар кеңесінде» иллюстрациясы |



Арман-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | Мұғалім оқушыларды үш топқа бөліп, **«Жағдаяттық тапсырма»** орындатады. Оқушыларды әртүрлі әдіс-тәсілдермен топқа бөледі.<br><br>**«Даналардан шыққан сөз»** айдарында Шәкәрімнің шығармаларынан алынған үзінді «Тура жол» тақырыбымен берілген шағын әңгімені оқытады, ой түйіндерін жасатады.<br>**«Ойна да ойла!»** Мұғалім берілген тізбексөзді шешу жолдарын түсіндіреді. Мәтелдің мазмұнын талдатады.<br>Жауабы: «Адалдық – ардың ісі».<br>**«Зертте!»** Мұғалім алдымен Ж.Баласағұнидың адамгершілік пен адамның асыл қасиеттері туралы жазылған «Құтты білік» дастаны туралы дерекөздерінен ізденіс жұмыстарын жасауды ұсынады. | Топтық жұмыстар ретінде берілген жағдаяттарды орындайды, топ алдында қорғайды, тұжырым жасайды.<br><br>Өсиет әңгіменің желісімен «Шәкәрім ойтолғамдарындағы адалдық мәселесі» тақырыбында талқылайды.<br><br>Тізбексөзді шешеді. Балалар мәтелдің мағынасын қалай түсінгендерін айтады.<br><br>Оқушылар ізденіс жұмыстарын жүргізеді, тапсырманы орындайды және ізгі қасиеттер туралы ой қорытындылайды. Ізденіс жұмысын үй тапсырмасы ретінде үйде жалғастырады. | «Бағдаршам» әдісімен бағалау | Шәкәрімнің портреті<br><br>Ақ парақ, түрлі түсті маркер не фломастер, оқу құралдары<br><br>Баласағұни Ж. «Құтты білік» – Алматы, 2000. – 275 б. |
| Бекіту<br>5 мин | **«Жадыңда сақта!»** Мұғалім сабақ бойы өткен материалдарды жинақтап, жүйелеп, тиянақтау мақсатында ақпаратқа оқушылардың назарын аудартады, балалармен бірге талдайды. Сабақта қарастырылған мәселені меңгерген білімдерімен, алынған жауаптарымен байланыстыра қарап, талқылайды. | Оқушылар адамшылық, адамға пайда тигізу, ел қамын ойлау деген сияқты жақсы ой, таза ниетте болып, айнала қоршаған ортаға риясыз қызмет етіп, адалдық пен шыншылдықтың маңызын түсініп, есте сақтайды. Білімдерін бекітеді. | **Дескриптор:**<br>– шынайылық, шыншылдық, адалдықтың мәнін түсінеді, риясыз қызмет етуді игереді. | Оқулық |
| Сабақтың соңы<br>5 мин | **«Біліміңді тексер!»** Сабақты қорытындылау. Алған білімдерін қорытып «Менің өмірлік ұстанымдарым» тақырыбында буклет дайындауды ұсынады. | Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді.<br>Үйден алған білімдерін қорытып, жинақтау мақсатында буклет дайындайды. | Ауызша кері байланыс | Таныстырылым |
| Рефлексия | «Сиқырлы айна» әдісін қолданып, оқушылармен рефлексия өткізеді. | Оқушылар шеңбер құрып, бір-біріне қарап бүгінгі сабақ немесе көңіл күйлері туралы сұрақтар қояды, қарсы тұрған оқушы сол сұраққа жауап береді. Орындарымен алмасып отырады. | | |

АРМАН-ПВ баспасы

# §3. Саяхат этикасы: біз өз елімізді таныстырамыз

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | I бөлім. Этика және әдеп | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 8 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | §3. Саяхат этикасы: біз өз елімізді таныстырамыз | |
| Сабақтың мақсаты: | – білім алушылар саяхат кезіндегі этикалық принциптер мен құндылықтардың маңыздылығын түсінеді, сонымен қатар саналы шешім қабылдау және барған елдердің мәдени және экологиялық ерекшеліктерін құрметтеуді үйренеді.<br>– шетелдерге саяхаттағанда сол мемлекеттің дәстүрі мен мәдениетін құрметтеу мен әдепсіз мінез-құлыққа жол бермеу жайында ұғым қалыптастырады.<br>– өз еліміздің көрікті жерлері жөнінде ұғымдарын кеңейтеді;<br>– саяхат барысындағы қауіпсіздік сақтау туралы білімдерін жетілдіреді және саяхаттың түрлерімен таныстырады әрі ерекшеліктерін сезіне білу дағдыларын дамытады. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу.<br>Психологиялық ахуал қалыптастыру.<br>«Көңіл күйді анықтау» әдісі. | Оқушылар бүгінгі көңіл күйлерін бір-бір сөйлеммен айтып шығады, жағымды ойларын ортаға салады. | «Қолпаштау» тәсілімен бағалау | Компьютерден көңілді әуен |
| Сабақтың ортасы<br>30 мин | **«Кел, ойланайық!»**<br>Мұғалім оқушылардың назарын берілген сұрақтарға аударады және ұстаз бұл кезеңде түрлі әдістерді, мысалы, «Миға шабуыл», «Қызығушылықты арттыру», «Ыстық орындық» сияқты тәсілдердің бірін қолдана алады. **«Түйін сөздер»:** «атамекен», «әдептілік», «сапар», «саяхат», «саяхатшы», «эскапад» сөздеріне көңіл бөлуді ескертеді, қалай түсінетіндерін сұрайды. **«Бұл маңызды»** айдарындағы анықтамаларды оқуды ұсынады. | Оқушылар қызықты фактілерді келтірулері мүмкін. Сұрақтарға жауап бере отырып саяхаттаудың маңызы, оның денсаулыққа пайдасы, саяхаттау әдебі, қауіпсіздік шаралары, саяхаттау ережелері және өздері білетін саяхатшылар туралы ой бөліседі.<br><br>Оқушылар түсініктерін айтады, «Бұл маңызды» айдарында берілген анықтамалармен танысады. | Ауызша кері байланыс | Оқулық<br><br>Таныстырылым |



АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **Оқу мәтіні** ретінде «Саяхат этикасы» тақырыбында мәтін берілген. Мәтіннен алынған тұжырымдарды SWOT талдау әдісімен іріктеп оқып, талдатады.<br><br>**«Оқы, қызық!»** бөлімінде берілген қызықты деректермен танысады. Мұғалім түрлі тәсілдер арқылы, оқушыларға ақпараттың қызықтылығы мен маңыздылығын түсіндіре кетеді.<br><br>**«Сәйкестендір!»** Оқулықта берілген тапсырманы оқушыларды сергіту мақсатында ойын түрінде ұйымдастырады.<br><br>**«Жасап көр!»** Мұғалім шығармашылық жұмыстар негізінде шәкірттердің білімдерін тексеруге, түсінбеген жерлерін қайта пысықтауға мүмкіндік алады. «Дөңгелек үстел» әдісін қолдануға болады. Тапсырманы орындау кезінде мұғалім оқушылардың жұмысын бақылайды және бағыттайды.<br><br>**«Анықта!»** Мұғалім өз қалауымен тиімді әдіс-тәсілді қолдануына болады. Мәселен: «Кім жылдам?», «Ойлап, тап!» т.с.с. тез әрі жылдам жауап берілуі тиіс. | Оқушылар сұрақтар бойынша мәтіннің мазмұнын талдайды.<br>Оқушылар мұғалімнің жетекшілігімен SWOT талдау жасайды. Саяхатшылар ұстанатын этика туралы білімдерін толықтырады.<br>Ұлы саяхатшылар жөнінде біледі әрі «саяхат» және «туризм» терминдері туралы мағлұмат алады. Қызықты мәліметтермен танысып, ой түйіндейді.<br><br>Оқушылар сабақта алған білімдерін көрсету мақсатында тапсырманы жұптасып, тез-тез ауызша орындайды.<br><br>Сабақ бойы алған білімдерін шығармашылық жұмыстарды орындау арқылы көрсетеді.<br><br>Кестеде ақпараттар берілген, оқушылар оның дұрыс/бұрысын анықтайды. Дұрыс болса оң қолын көтереді, бұрыс болса сол қолын көтереді. | **Дескриптор:**<br>– күшті жақтарын жазады;<br>– әлсіз тұстарын табады;<br>– қауіптерін анықтайды;<br>– мүмкіндіктерін айқындайды.<br>«Бес саусақ» әдісімен бірін-бірі бағалау<br><br>Смайликтермен бағалау<br><br>**Дескриптор:**<br>– оқушылардың пікірі тапсырмадағы негізгі ойды анықтайды;<br>– дөңгелек үстел өткізу ережесінің талаптары сақталады;<br>– рөлдік тапсырмаларды орындайды. | Интербелсенді тақта<br>Таныстырылым<br><br>Оқулық<br><br>Таныстырылым<br><br>Смайликтер<br><br>Таныстырылым<br>А.Македонский, М.Поло, А.Никитин, Д.Ливингстон, Г.Стэнли, Н.М.Пржевальский портреттері |
| Бекіту 5 мин | **«Зертте!»** Сабақты бекіту мақсатында бұл айдардың бірінші тапсырмасын сыныпта орындатып, екінші тапсырманы үй жұмысы ретінде ұсынуға болады. | Сабақта алған білімдерін бекітіп, тұжырым және өзінің шет елге саяхат жасау жоспарын жасап, қорғайды. Эссе және пікір жазуды үй тапсырмасы ретінде орындайды. | «Бағдаршам» әдісімен бірін-бірі бағалау | Ватман, маркер |
| Сабақтың соңы 5 мин | **«Біліміңді тексер!»** Сабақты қорытындылау. | Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. Ой қорытады. | Ауызша кері байланыс | Таныстырылым |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Рефлексия | «Ашық микрофон» әдісі. | Оқушылар кезектесе отырып, қолдарына микрофон макетін алып, бүгінгі сабақтан алған әсерлерін айтады. | | Микрофон макеті |

# II БӨЛІМ. АЗАМАТТЫҚ ПАТРИОТИЗМ

## §4. Біз біртұтас халықпыз

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | II бөлім. Азаматтық патриотизм | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 8 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | §4. Біз біртұтас халықпыз | |
| Сабақтың мақсаты: | – білім алушылар еліміздегі татулық пен бірлік мемлекеттілігіміздің ең басты тірегі екенін, еліміздің тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы бәрінен қымбат құндылық екенін, оны сақтау әрқайсысымыздың міндетіміз екенін ұғынады;<br>– татулық пен келісім тек мемлекеттік саясатта емес, қоғамда, үйде, ұжымда, жалпы, барлық жерде дәріптеліп, негізге алынуы керектігін түсінеді;<br>– «бірлік», «татулық», «келісім» ұғымдарының мағынасын терең біледі;<br>– отбасында, сыныпта, қоғамдық орындарда бірлік пен татулықта өмір сүрудің маңызын түсінеді;<br>– қоғамда, үйде, ұжымда татулық пен келісім сақтай алады. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы 5 мин | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Сүйіспеншілік энергиясын жіберу» ойыны. | Оқушылар шеңбер құрып, қол ұстасып, тізбекпен бір-бірінің көзіне қарап жүректен шыққан жылы тіркестерді айтады. | Мейірімді сөздермен бағалау | Компьютерден көңілді әуен |



АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы 30 мин | **«Кел, ойланайық!»** айдарында берілген сұрақтар арқылы мұғалім оқушылардың берілген тақырып төңірегінде өзіндік пікірлерін білдіруін сұрайды. | Оқушылар өз бетімен жауап іздеу, табу дағдыларын жетілдіреді. Өз пікірлерін жүйелі айтып, ойларын баяндап айта білуге үйренеді. Тапсырманы орындауда оқушылар дәлелді мысалдар келтіреді. | **Дескриптор:**<br>– сұрақтарға жауап береді;<br>– тапсырманы орындауда өз ойын дәлелді мысалдармен айтады. | Оқулық<br><br>Таныстырылым |
| | **Мәтінмен жұмыс.** Мұғалім адам өміріндегі қоршаған орта мен адамдардың рөлін түсіндіру үшін оқулықтағы ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың сөзінен үзіндімен таныстырады. Мәтіннің мазмұнын қалай түсінгендерін білу үшін сұрақтар қояды. Алдымен мәтіннің мазмұндық желісі бойынша мұғалім өз тарапынан ойластырылған сұрақтарды балалардың назарына ұсынады. Сұрақтарды оқушылармен бірге талдайды. | Мәтінмен жұмыс істейді. Сұрақтарға жауап береді. «Бірлік», «татулық», «келісім» сөздері туралы пікірлерін білдіреді. Оқушылар сұрақтар бойынша мәтіннің мазмұнын талдайды. Венн диаграммасын құрастырады. | **Дескриптор:**<br>– мәтін мазмұнын талдап, тұжырым жасайды.<br>– ұқсас нәрселерді салыстыру, яғни ойлау формасы аналогия арқылы фактілерді еске сақтау, ұғыну, әрекеттерін іске асырып, оларды өзара салыстырып, негізгі мәселені (достық, татулық, бірлік) тереңірек түсінеді. | Оқулық<br><br>Таныстырылым |
| | «**Талда!**» айдарында берілген сұрақтарға жауап береді. Осыдан кейін сұрақты мұғалім баланың өзіндік өмір тәжірибесіне байланысты қояды. | Мұнда балалар өз өмірлерінен мысалдар келтіріп айтады. Талқылауды «Бес сұрақ» немесе «Парасатты диалог» әдісімен өткізеді. | | |
| | **«Анықта»** айдарында Б.Момышұлының шығармасынан берілген үзіндіні оқып, мәтіннен елін сүйген азамат, батыр дәрежесіне жету қадамдарын анықтап, сатылап жазады. | Оқушылар үзіндіні оқып, мәтіннен елін сүйген азамат, батыр дәрежесіне жету қадамдарын анықтап, жазып шығады. Тапсырманы орындау барысында халқымыздың бойындағы жақсы қасиеттеріне басты назар аударады. | | Таныстырылым |
| | **«Даналардан шыққан сөз»** айдарында Г.Бельгердің қазақ халқы туралы айтқан ойы берілген. Тапсырмада оқушылар мәтінді оқып, автордың қазақ халқынан үйренген жақсы қасиеттерін санамалап, айтып беруі тиіс. | Оқушылар мәтінді оқып, автордың қазақ халқынан үйренген жақсы қасиеттерін айтып береді. | «Мадақтау сөз» әдісімен бағалау Жарайсың!, Жақсы!, Өте жақсы!, Тамаша!, Талпын! т.б. | |
| | **«Сәйкестендір»** айдарында «татулық», «достық», «бірлік» ұғымдарының мағыналарын ашып, жан-жақты тиянақты түсіндіру мақсатында ұғымдарды анықтамасымен сәйкестендіру тапсырмасы берілген. | Оқушылар «татулық», «достық», «бірлік» ұғымдарын олардың анықтамаларымен сәйкестендіріп шығады. | Бір-біріне құрмет ретінде «Қол шапалақтап» бағалау | Оқулық |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **Дұрыс жауабы:**<br>Достық – адамдардың бір-біріне қалтқысыз сенуі, бір мүдделі, ортақ көзқараста болуы, рухани жақындық.<br>Татулық – қоғамда, отбасында, ұжымда тыныштық пен береке-бірліктің артуы үшін қажет табиғи тұтастық.<br>Бірлік – адамдар арасындағы ынтымақтың, жарасымды татулықтың көрінісі, ел болудың белгісі.<br>Ұлтаралық келісім – гуманистік, демократиялық және толеранттылық сипаты басым этносаралық және конфессияаралық қатынас.<br>**«Жасап көр!»** айдарында топқа бөлініп орындау үшін тапсырмалар берілген.<br>**«Жадыңда сақта!»** айдарында ҚР Конституциясының 39-бабы берілген.<br>**«Ойлан!»** айдарында тақырып бойынша тест тапсырмалары берілген.<br>**Дұрыс жауаптары:** 1 – Б, 2 – Б, 3 – А.<br>**«Ойна да ойла!»** айдарында ребус шешу тапсырмасы берілген.<br>**Дұрыс жауабы:** «Бірлік бар жерде тірлік бар». | Үш топқа бөлініп, тапсырмаларды орындайды, топ алдында қорғайды.<br>ҚР Конституциясының 39-бабымен танысып, түсініп, есте сақтайды.<br>Тест тапсырмаларын орындайды.<br>Оқушылар ребусты шешеді, мақалдың мағынасын қалай түсінгендерін айтады. | **Дескриптор:**<br>– ҚР Конституциясының 39-бабымен танысып, түсінеді;<br>– білімдерін бекітеді.<br>«Бағдаршам» әдісімен бірін-бірі бағалау<br>«Басбармақ» әдісімен бағалау | Ақ парақ, түрлі түсті маркер не фломастер, оқу құралдары<br>Таныстырылым<br>Оқулық<br>Интербелсенді тақта |
| Бекіту<br>5 мин | **«Зертте!»** айдарында берілген нақыл сөзді негізге алып, өз бетінше ізденіп, елге, Отанға қызмет етудің жобасын жасау тапсырмасы берілген. | Оқушылар ізденіс жұмыстарын жүргізеді, мәтін мен тақырып негізінде Отанға қызмет етудің жобасын жасайды. | «Бағдаршам» әдісімен бірін-бірі бағалау | Таныстырылым |
| Сабақтың соңы<br>5 мин | **«Біліміңді тексер!»** Сабақ қорытындылау. | Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. Ой қорытады. | | Оқулық |
| Рефлексия | «Сүйіспеншілік гүлі» әдісі. Оқушыларға гүл күлтешелері тектес жапырақшаларды таратып, ата-аналарының бойындағы жақсы қасиеттерін немесе өз тілектерін жазуды ұсынады. | Оқушылар жапыраққа ата-аналарының бойындағы ең жақсы қасиеттерін (немесе тілектерін) жазып, жапырақтарды тақтаға әдемі гүлдесте түрінде жапсырады. | | Жапырақша түріндегі қағаз қиындылары.<br>Тақтада гүлдің суретінің макеті не жобасы. |



Арман-ПВ баспасы

АРМАН-ПВ баспасы

# §5. Отаныма арналады

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | II бөлім. Азаматтық патриотизм | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 8 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | §5. Отаныма арналады | |
| Сабақтың мақсаты: | – Отан, отаншылдық, отансүйгіштік, Отанға қызмет етудің мәні туралы кең түрде түсінік алады;<br>– өз Отанының өткені, бүгіні және келешегі – білімді, тәрбиелі жастар екенін біледі;<br>– Отанына сүйіспеншілік таныта алады;<br>– туған ел, өскен жеріне шамасына қарай қызмет ете алады. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Алғыс» ойыны өткізеді. | Оқушылар бір-біріне доп немесе жұмсақ ойыншықты лақтырып, «Мен саған ... үшін ризамын» дейді. | Ауызша кері байланыс | Компьютерден көңілді әуен |
| Сабақтың ортасы<br>30 мин | **«Кел, ойланайық!»** Мұғалім оқушылардың берілген тақырып төңірегінде өз бетімен жауап іздеу, табу дағдыларын сіңіре отырып, талқыланып отырған тақырып бойынша өзіндік пікірлерін білдіре алу іскерлігіне үйрету мақсатында сұрақтарды қояды.<br><br>**«Түйін сөздер»** «Отан», «отаншылдық» ұғымдарына **«Бұл маңызды»** айдарында анықтама берілген. Бұл ақпарат сабақта игерген жаңа білім, оқу ақпараты. Осы арқылы осы сөздердің мағынасын ұғынуға жетелейді.<br><br>**Оқуға** ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мәтіні берілген. Мұғалім мәтін мазмұнын балалардың | Оқушылардың берілген тақырып төңірегінде өз бетімен жауап іздеу, табу дағдыларын сіңіре отырып, талқыланып отырған тақырып бойынша өзіндік пікірлерін білдіре алады. Өмірмен байланыстырып, ұтымды жауаптар береді.<br><br>Оқушылар түсініктерін айтады, «Бұл маңызды» айдарында берілген анықтамалармен танысады.<br><br>Оқушылар мәтіннің мазмұнын қалай түсінгендерін білу үшін сұрақтарға жауап беріп, талдайды. | **Дескриптор:**<br>– сұрақтарға жауап береді;<br>– талқыланып отырған тақырып бойынша өзіндік пікірлерін білдіреді.<br><br>**Дескриптор:**<br>– мәтіндегі негізгі ойды ажыратады; | Оқулық<br><br>Таныстырылым<br><br>Таныстырылым |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | түсінгендерін білу үшін сұрақтар қояды. Мәтін бойынша берілген сұрақтарды оқушылармен бірге талдайды. | | – «Отан» ұғымының мәнін түсінеді;<br>– отансүйгіштік пен ұлтқа қызмет ету т.б. қасиеттердің мағынасын ашады. | Оқулық |
| | **«Даналардан шыққан сөз»** айдарында Ә.Кекілбаевтың «Тәуелсіздік – тәу етер жалғыз кие» мақаласынан үзінді оқып, өз сөздерімен таратып әңгімелеу тапсырылған. | Мәтіннен талқылап отырған тақырыпқа сәйкес түйінді идеяны тауып, оны өз көзқарастарымен қорытындылай білуге үйренеді. | «Бағдаршам» әдісімен бірін-бірі бағалау | Ақ парақ, түрлі түсті маркер не фломастер, оқу құралдары |
| | **«Жасап көр!»**<br>Топпен орындайтын тапсырмалар берілген. | Оқушылар логикалық ойлау, өз бетінше дұрыс шешім шығара білуге үйрену мақсатында тапсырмаларды топқа бөлініп орындайды. | «Бесбармақ» әдісімен бағалау | |
| | **«Жадыңда сақта!»**<br>Сабақта талқыланған негізгі мәселе бойынша туындаған ой-пікірлерді тұжырымдау мақсатында берілген оқу ақпаратымен оқушылар өз бетінше оқып танысып, ондағы әрбір тұжырымның мағынасын ой елегінен өткізеді. Өз көзқарастарымен салыстырады. | Берілген оқу ақпаратымен оқушылар өз бетінше оқып танысып, ондағы әрбір тұжырымның мағынасын ой елегінен өткізіп, өз көзқарастарымен салыстырады. | **Дескриптор:**<br>– Отанға деген сүйіспеншіліктің отбасына деген махаббаттан басталатынын түсінеді;<br>– туған елге өз шамасына қарай қызмет ету әр азаматтың парызы екенін біледі. | Оқулық |
| | **«Ойна да ойла!»** айдарында тізбексөз берілген, оны дұрыс шешсе, Қазыбек бидің «Алтын ұяң – Отан қымбат» деген нақыл сөзі шығады. | Оқушылар тізбексөзді шешеді, нақыл сөздің мағынасын қалай түсінгендерін айтады. | Түрлі түсті стикерлермен бағалау | Флипчарт, маркер |
| Бекіту<br>5 мин | **«Зертте!»** айдарындағы тапсырмаларды үйден орындап келуге де болады. | Оқушылар ізденіс жұмыстарын жүргізеді, тапсырманы орындайды. | Смайликтермен бағалау | Смайликтер |
| Сабақтың соңы<br>5 мин | **«Біліміңді тексер!»** Сабақты қорытындылайды. | Сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. Өз әсерлерімен бөліседі. | | Таныстырылым |
| Рефлексия | «Сиқырлы айна» әдісі. | Оқушылар шеңбер құрып, бір-біріне қарап бүгінгі сабақ немесе көңіл күйлері туралы сұрақтар қояды, қарсы тұрған оқушы сұраққа жауап береді. | | |

АРМАН-ПВ баспасы

# §6. Елім – менің жүрегімде!

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | II бөлім. Азаматтық патриотизм | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 8 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | §6. Елім – менің жүрегімде! | |
| Сабақтың мақсаты: | – оқушылар өз тарихы мен туған тілін құрметтеп, салт-дәстүрді дәріптеу мен ұлттық қадір-қасиетті арттыруға өз үлесін қосудың Отанын сүю екенін біледі; өз Отанын, елін сүюді тек сөзбен емес, іспен көрсетудің маңыздылығын түсінеді;<br>– Отанына, еліне сүйіспеншілік таныта алады; туған ел, өскен жеріне шамасына қарай қызмет етуге бағыт алады. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Көңіл күйді анықтау» әдісі. | Оқушылар бүгінгі сабақтағы көңіл күйлерін бір сөйлеммен айтып шығады, жағымды ойларын ортаға салады. | «Қолпаштау» тәсілімен бағалау | Компьютерден әуезді әуен |
| Сабақтың ортасы<br>30 мин | **«Кел, ойланайық!»**<br>Оқулықта берілген сұрақтарды қояды.<br><br>**«Бұл маңызды»** айдарында **түйін сөздердің** анықтамалары берілген. Бұрыннан білетін, талай естіген ұғымдардың мағынасына тағы бір мәрте тереңдеп, саналарына бекітеді. Анықтамаларды өздері де толықтыра алады.<br><br>**Мәтінмен жұмыс.** Мұғалім оқушылардың пікірлерін білген соң, ұлтын сүйіп, өз тарихын, туған тілін құрметтеу, салт-дәстүрді дәріптеу, ұлттық қадір-қасиетті арттыруға өз үлесін қосудың мәнін ұғындыру мақсатында берілген «Жас ұрпаққа өсиет» әңгімесімен таныстырады. Мәтінмен танысқаннан кейін оқушылар оқулықта берілген сұрақтарға жауап береді. | Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өз пікірлерін жүйелі түрде жеткізеді. Дәлелді мысалдар келтіреді.<br>Оқушылар түсініктерін айтады, «Бұл маңызды» айдарында берілген анықтамалармен танысады.<br><br>Оқушылар сұрақтар бойынша мәтіннің мазмұнын талдайды. | Ауызша кері байланыс<br><br>**Дескриптор:**<br>– мәтіндегі негізгі ойды ажыратады;<br>– туған тілін құрметтеу, ұлтын сүю қасиеттердің мағынасын ашады. | Оқулық<br>Таныстырылым<br><br>Интербелсенді тақта<br>Таныстырылым<br><br>Оқулық |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **«Талда!»**<br>Оқулықта берілген сұрақтарды қойып, өзара пікір алмасу ұйымдастырылады. | Оқушылар бір-біріне сұрақ қойып, өзара пікір алмасады. Сабақта талқыланған мәселе бойынша туындаған ой-пікірлерді тұжырымдау мақсатында берілген оқу ақпаратымен оқушылар өз бетінше оқып танысып, ондағы әрбір айтылған тұжырымның мағынасын ой елегінен өткізеді. | **Дескриптор:**<br>– ұлттық қадір-қасиетті арттыруға үлес қосудың мәнін ұғынады. | |
| | **«Жадыңда сақта!»** айдары бойынша әңгіме жүргізіліп, жастардың дәл қазір айналысып отырған ісіне деген зор жауапкершілігі елінің бүгіні мен келешегі үшін жасаған игі ісі екендігі түсіндіріледі. Өмірмен байланыстырылып, 8-сынып оқушысының дәл қазір айналысып отырған істері (білім алу, ұстаздары мен ата-анасын сыйлау, үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізетті болу т.б.) және осы істерді зор жауапкершілікпен атқарудың маңыздылығы айқындалады. | Оқушылар әрбір айтылған тұжырымның мағынасын ой елегінен өткізіп, өз көзқарастарымен салыстыратын болады. | **Дескриптор:**<br>– ата-анасын сыйлау, үлкенге құрмет көрсету, кішіге ізетті болу, туған тілін құрметтеу, Отанына риясыз қызмет етуді игереді. | Таныстырылым |
| | **«Сәйкестендір!»** Тақырыпқа сәйкес түйін сөздердің мағыналарын ашып, жан-жақты терең түсіндіру мақсатында әрбір ұғымның сәйкес анықтамасын табу ұсынылады.<br>**Дұрыс жауабы:**<br>Намыс – ар-ожданнан бастау алатын, отансүйгіштікпен ұштасатын рухани құндылық, сезім.<br>Ұлттық намыс – отаншыл азаматтың өз ұлтын, халқын сүюі, ана тіліне, ұлтының мәдениеті мен салт-дәстүріне деген құрметі, жанашырлығы.<br>Азамат – белгілі бір мемлекеттің, саяси бірлестіктің тең құқықты мүшесі және оның барлық саяси құқықтарына ие тұлға. | Оқушылар әрбір ұғымның өзіне сай келетін анықтамасын сәйкестендіріп шығады. | «Бес саусақ» әдісімен бірін-бірі бағалау | Таныстырылым<br>Интербелсенді тақта |
| | **«Жағдаяттық тапсырма»** айдарында берілген үш жағдаятты үш топқа бөлініп шешу ұсынылады. | Оқушылар үш топқа бөлініп, тапсырманы орындайды. | «Бағдаршам» әдісімен бірін-бірі бағалау | Оқулық |



АРМАН-ПВ баспасы

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **«Даналардан шыққан сөз»** айдарында нақыл сөздерді оқып, ой түйіндеп, бейнеролик дайындау тапсырмасы берілген. | Оқушылар нақыл сөздерді оқып, ой түйіндейді. Бейнеролик дайындайды. | Түрлі түсті стикерлермен мадақтай отырып бағалау | Таныстырылым |
| Бекіту<br>5 мин | **«Зертте!»** айдарында оқушыларды өз беттерінше ізденіп, дұрыс шешім шығара білуге үйрету мақсатында, екі тапсырма берілген.<br>Бұл тапсырмаларды үйде орындауға беруге болады. Сондай-ақ екі тапсырманың бірін таңдап алуына болады.<br><br>**«Ойлан!»** айдарында тест сұрақтары берілген.<br>**Дұрыс жауаптары:** 1 – Ә, 2 – Б, 3 – Б. | Оқушыларды өз беттерінше ізденіп, дұрыс шешім шығаруды үйренеді. Тапсырманы орындайды. Ізденіс жұмысын үй тапсырмасы ретінде үйде жалғастырады.<br><br>Оқушылар тест тапсырмаларын орындайды. | «Қолпаштау» тәсілімен бағалау<br><br>«Бағдаршам» әдісімен бірін-бірі бағалау | Флипчарт,<br>Маркер<br><br>Таныстырылым |
| Сабақтың соңы<br>5 мин | **«Білімінді тексер!»**<br>Сабақты қорытындалайды. | Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. Ой қорытады. | Ауызша кері байланысы | Таныстырылым |
| Рефлексия | Әр оқушы өзі туралы кластер құрады.<br>Жұмыс аяқталғаннан кейін оқушылар өз жазғандарын топ ішінде талқылайды немесе қабырғаға іліп қояды, сыныптастарының сұрақтарына жауап береді. | Парақтың ортасындағы шеңберге өз есімдерін жазып, одан таратылатын шеңберлерге «Мен неліктен өзімді патриоттардың санатына жатқызамын?» деген сұраққа бес жауап жазады. | | Ақ парақтар |

# III БӨЛІМ. МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

## §7. Бейне хостинг не үшін қолданылады? Жалған танымалдық

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | III бөлім. Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 8 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | §7. Бейне хостинг не үшін қолданылады? Жалған танымалдық | |

| | |
|---|---|
| Сабақтың мақсаты: | – білім алушылар бейне хостингтің қалай қызмет ететінін түсінеді; әлеуметтік желілердегі жалған танымалдық мәселелерге өз көзқарасын айта алады;<br>– бейне хостинг сайттарының мазмұндық, тақырыптық ерекшеліктерін зерделейді;<br>– «бейне хостинг» ұғымы туралы білімдерін жетілдіреді және YouTube арнасы мен әлеуметтік желілердің пайдасы әрі зиянды жақтарын анықтай білу дағдыларын дамытады;<br>– бейне хостинг сайттарында дұрыс жұмыс жасау мен әлеуметтік желілердегі жалған танымдылыққа беріліп кетпеу және оны дұрыс та сауатты қолдана білуді үйренеді. |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу.<br>Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Көңіл күйді анықтау» тәсілі.<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау. | Оқушылар шеңбер құрып, көңіл күйін табиғат құбылыстары арқылы көрсетеді: жарқырап Күн шығып тұр, құстар қалықтап ұшып жүр, аспанды бұлт торлаған, жаңбыр немесе қар жауып тұр т.с.с. | Ауызша мадақтау:<br>– *Жарайсың!*<br>– *Тамаша!*<br>– *Ойланып көр!* | Интербелсенді тақта, компьютер, әуезді әуен |
| Сабақтың ортасы<br>30 мин | **«Кел, ойланайық!»** Жаңа сабаққа кіріспе. Оқулықта берілген сұрақтарды қояды.<br>Жауаптар тыңдалған соң, мұғалім де біраз мәліметтер бере кетуіне болады. Бұл кезеңді мұғалім өз қалауымен түрлі тәсілдерді қолданып өткізе алады. | «Бейне хостинг» ұғымы туралы не білетінін, YouTube арналары жайлы түсініктері және өзінің YouTube арнасының бар-жоғы жайында пікірлерімен бөліседі әрі сол арнада қандай тақырыптарды көтеретіні бойынша әңгімелеседі. «Жалған танымалдық» тіркесін қалай түсінетіндерін айтады. | «Бағдаршам» әдісімен бірін-бірі бағалау | Оқулық |
| | **«Түйін сөздер»** айдарында «бейне хостинг», «преролл», «тікелей трансляция жасау» сияқты сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын анықтауға бағыттайды. Сонымен қатар әлеуметтік желі атаулары «YouTube», «Vimeo», «Aitube.kz», «Instagram» жөнінде білімдерін толықтырады. | Оқушылар бұл ұғымдардың мағынасы туралы өз білетіндерін айтады және «Бұл маңызды» айдарында берілген анықтамалармен танысады. | «Бес саусақ» әдісімен бірін-бірі бағалау<br><br>**Дескриптор:**<br>– бейнехостинг ұғымының мәнін ашады;<br>– бейнехостингтің қалай қызмет ететінін түсінеді;<br>– жалған танымдылық туралы түсінеді және оны сауатты қолдана біледі. | Интербелсенді тақта |
| | **Мәтінмен жұмыс.** Оқулықта «Бейне хостинг деген не?» тақырыбында мәтін берілген. Мұғалім мәтінді оқытады және мазмұнын талдатады. Мәтіннің мазмұнын балалардың қалай түсінгендерін білу үшін сұрақтар қояды. | Оқушылар берілген мәтінді оқып, негізгі ойға көңіл бөледі. Мұнда оқушылар өмірмен байланыстыра талдайды. | | |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | Сұрақты мұғалім баланың өзіндік өмір тәжірибесіне байланысты да қоюына болады. Сұрақтарды оқушылармен бірге талдайды. Мәтінді «ПСМТ формуласы» арқылы талдайды. | «ПСМТ формуласы» арқылы мәтінге қысқаша баяндау жасайды. | | Таныстырылым |
| | **«Ойлан!»** Мәтін мазмұнын жинақтап, YouTube-тың сипаттамасы мен шығармашылық жағын бөліп, сызбаға салады. Оқушылардың ойлануына мүмкіндік береді. | Оқушылар берілген тапсырманы орындап, YouTube-тің сипаттамасы мен шығармашылық жағын бөліп, сызбаға түсіреді. | ҚБ «Басбармақ» әдісімен бағалау | Оқулық |
| | **«Анықта!»** Кестеде берілген ұғымдарды анықтамаларымен сәйкестендіреді. Бұл кезеңді ойын түрінде қызықтырақ етіп өткізуге де болады. | Кестедегі тапсырмаларды мазмұнына сай сәйкестендіреді. | ҚБ «Қолпаштау» әдісімен бағалау | |
| | **«Оқы, қызық!»** (Қызығушылықты арттыру) Бұл айдарда «Танымалдық пен атақ-даңқ сағымы» тақырыбында шағын да қызықты әңгіме берілген.<br><br>**«Жадыңда сақта!»** Мобильді байланыстың терминдік атаулары мен оның қысқартылған атауы мен мәнін есте сақтау керек болады.<br><br>**«Жасап көр!»** Мұғалім түрлі тәсілдермен оқушыларды топтарға бөледі. Оқушыларды шығармашылық іс-әрекеттері мен ізденістері арқылы өз қолынан келетін, өздері ойлап тапқан жақсылықтарды жасауға баулиды. | Қызықты мәліметтер арқылы танымдық көзқарасы дамиды. Қызықты материалдарды құлшына оқу дағдылары қалыптасады.<br><br>Оқушылар жадынаманы оқып, мобильді байланыстың терминдік атаулары мен оның қысқартылған атауын есте сақтайды.<br><br>Тапсырмаларды орындап, сабақта түсінгенін кеңейтеді, пысықтайды және практикалық тұрғыда жаттығып, алған білім-біліктерін талдау, жинақтау, жалпылауға дағдыланады. | ҚБ: стикерлермен бағалау<br><br>**Дескриптор:**<br>– тапсырманы топқа бөлініп орындайды;<br>– кестені толтырады;<br>– мүмкін жауаптарды белгілейді;<br>– Meta-да пост жариялап, Instagram-да жарияланатын жобаның алгоритмін жасайды. | Түрлі түсті стикерлер<br><br>Оқулық, кесте сызылған ақ парақтар |
| Бекіту 5 мин | **«Жағдаяттық тапсырма»** Оқушыларды топқа бөліп, жағдаяттық тапсырма орындатады. | Оқушылар топқа бөлініп, берілген ой қорытындыларын басшылыққа алып, жағдаятқа айналдырып, өз көзқарастарын дәлелдейді. | Өзара кері байланыс арқылы бағалау | Интербелсенді тақта<br><br>Таныстырылым |
| Сабақтың соңы 3 мин | **Біліміңді тексер!** Сабақты қорытындылайды. | Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. Ой қорытады. | Ауызша кері байланыс | Оқулық |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Рефлексия<br>2 мин | «INSERT кестесі» әдісі.<br>«V» Мен білемін<br>«+» Мен үшін жаңа білім<br>« – » Мен басқаша ойлаймын<br>«!» Мені таңғалдырды | Оқушылар кестені толтырып, мұғалімге қалдырады. | | Рефлексияға арналған парақшалар |

## §8. Отбасы кірістері мен отбасылық шығындар. Отбасы қорын жинақтау түрлері

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | III бөлім. Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 8 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | §8. Отбасы кірістері мен отбасылық шығындар. Отбасы қорын жинақтау түрлері | |
| Сабақтың мақсаты: | – «отбасы кірістері», «қор жинау», «отбасылық шығындар» ұғымдарын түсіну арқылы қаржылық сауаттылық туралы білімдерін кеңейтеді; тұрақты жалақы, зейнетақы, шәкіртақы, мерзімді сыйлықақылар, біржолғы табыстар бойынша білім-білік деңгейлерін арттырады;<br>– отбасылық шығындар көлемі мен себептерін түсіну арқылы өз шығындарын зерттейді;<br>– ақша жинау, үнемдеу, ысырапшылдыққа жол бермеу, қайырымдылық қорларына жанашыр болу және жалқаулықтан сақтанып, еңбекқор болуға ұмтылады. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Ізгілік шары» әдісі.<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау. | Оқушылар шеңбер құрып бір-біріне «ізгілік шарын» ұсынып жақсы тілектер айтады. | Ауызша мадақтау: *Керемет! Жақсы!* | Сәлемдесу тақырыбындағы иллюстрациялар |



АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>27 мин | **«Кел, ойланайық!»** (Жаңа сабаққа кіріспе)<br>Мұғалім оқушы жауаптарының әртүрлі болатынын ескере отырып, сұрақтар арқылы «отбасы кірістері», «қор жинау» ұғымдары туралы не білетінін және «еңбекқор», «жалқау», «үнемдегіш», «ысырапшыл» ұғымдарында қандай ұқсастық пен айырмашылық бар екенін ажыратып, мағынасын түсінуге жетелейді. | Оқушылар қаржы жинауда неге баса көңіл бөлу керектігі туралы ұғымдарын кеңейтеді. Отбасылық бюджетті жоспарлау және басқару істерінің дұрыс және үйлесімді тұрғыда үздіксіз жұмыс жасауын қамтамасыз етудің сол отбасы үшін де, тұтастай еліміз үшін де маңызы аса зор екенін түсінуге ұмтылады. | | Оқулық<br>Интербелсенді тақта |
| | **«Түйін сөздер»** айдарында «отбасы кірісі», «отбасы шығыны», «отбасы қоры», «жинақтау» сияқты ұғымдар берілген, осы сөздердің мағынасын қалай түсінетіндерін сұрап, жауаптарын түсіндірме сөздігінде берілген анықтamaман түйіндейді. | Оқушылар берілген ұғымдардың мағынасы туралы өз білетіндерін айтады және **«Бұл маңызды»** айдарында берілген анықтамалармен танысады. | | Таныстырылым |
| | **Мәтінмен жұмыс.** «Отбасы бюджетінің құрылымы» тақырыбында оқу мәтіні берілген. Оқу материалының мазмұны сабақтың тақырыбына, яғни ондағы құндылық пен қасиеттердің мәнін ашатынына ерекше назар аударады.<br>Мәтіннен кейін талдау сұрақтары беріледі. Талдауды «Парасатты диалог» тәсілімен өткізуді ұсынылады. Оқушы мен мұғалім арасындағы диалог парасатты, рефлексивті, түсінушілік білдіру мен тексеруге бағытталып, барлық оқушылар өз ойлары мен пікірлерін білдіре алатындай болуына көңіл бөледі. | Оқушылар мәтінді оқиды және мазмұнын қалай түсінгендерін талдайды. Отбасына кіріс беретін табыс көздері: еңбек жалақы, жәрдемақы, қосымша қызметтер т.б. туралы ақпарат беру көзделеді.<br><br>Пікірлесе отырып жауап береді. | ҚБ: «Қошемет көрсету» әдісімен бағалау | Оқулық |
| | «**Зертте!»** Бұл айдарда берілген тапсырмалар оқушылардың ізденіс жұмыстарын орындауға бағытталған.<br>Сөздіктерден «бюджет», «кіріс», «шығыс», «отбасы қоры» сөздерінің анықтамасын тауып, ұқсастығы мен айырмашылығын зерттейді. | Отбасы кірісі мен шығысындағы айырмашылықты реттеу, шығынды қалай азайту, ақшаны жинақтау сияқты мәселелердің шешімін іздейді, мамандардың кеңестерінен өзіне тиімдісін таңдап, алгоритмін жасайды. | Мадақтау әдісімен бағалау | |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **«Жасап көр!»**<br>Мұғалім оқушыларға шығармашылық тапсырмалар орындатады. Оқушыларды түстермен, теңге, доллар т.б. арқылы топтарға бөледі. Арнайы уақыт беріледі және әуезді әуенді баяу үнмен қосып қоюға да болады. Қанша уақыт қалғанын хабарлап отыру маңызды, ойларын жинақтап, жүйелеп, қорытынды жасайды. | Берілген тапсырмаларды орындайды және сабақта түсінген білімдерін кеңейтеді, өмірде қолдана білуге дағдыланады. | **Дескриптор:**<br>– қаржыны қалай жұмсау керектігін біледі;<br>– ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспар жасайды;<br>– сауалнама жүргізеді. | Ақ парақ немесе дәптер<br><br>Сызба, кесте салынған парақшалар |
| | **«Оқы, қызық!»** (Қызығушылықты арттыру)<br>Берілген шағын мәтінді оқытып, қандай ой түйгенін сұрайды. | Әңгімені оқып, қандай ой түйгенін айтып береді. Сарандық пен жинақылық жайлы ой-пікірлерімен бөліседі. | | «Венн диаграммасы» сызылған ватман |
| | «**Ойлан!**»<br>Сыйлықтар тізімін саралау мен өмірінде қандай сыйлық алғандарын сұрайды, өзі де сыйлық бергені туралы пікір білдіруді өтінеді. Шын көңілмен сыйлаған сыйлықтың үлкен-кішісі болмайтынын түсіндіреді. | Сыйлыққа көңілі толмаған кездері болғанда өзін қалай ұстағанын әңгімелеп беруіне болады. Пайдалы және пайдасыз сыйлықтар туралы қорытынды жасайды. | Ауызша кері байланыс: *Жақсы! Тамаша!* | Оқулық<br>Интербелсенді тақта |
| | **«Жадыңда сақта!»**<br>Жадынаманы есте сақтауға, өмірде қолдана білуге үйретеді. Осы орайда мұғалім де өз тұжырымдамасын айта кеткені жөн. | Оқушылар ең бастысы, үнемдеу мүмкіндіктері туралы мәселені қарастырып, бұл мәселе назардан тыс қалмауы тиіс екенін түсінеді. | «Басбармақ» әдісімен бағалау | Оқулық |
| Бекіту<br>8 мин | **«Жағдаяттық тапсырма»**<br>Жағдаяттарды «Рөлдік ойындар» тәсілімен сахналап көрсетуді ұсынады. Шығармашылық іс-әрекет және топпен жұмыс әдісі оқушылардың сабақта алған білімдерін іс жүзінде қолдана алуға үйретеді. Тапсырма орындалып біткеннен кейін мұғалім топтарға кері байланыс жасау керек. | Шығармашылық жұмыстарды орындай отырып, оқушыларда өзіне сенімділік сезімі нығаяды, ынтымақтастық, іс-әрекеттегі келісімділік дамиды. | **Дескриптор:**<br>– шығармашылық жұмысты орындау ережелерін біледі;<br>– үнемдеу және қамқор болу дағдылары дамиды;<br>– отбасы мен туыстарына түсіністікпен карауды түсінеді. | Интербелсенді тақта<br>Таныстырылым |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>3 мин | **«Біліміңді тексер!»**<br>Сабақты қорытындылайды. | Сабақты қорытындылау сұрақтарға жауап береді. | Смайликтермен бағалау | Смайликтер |
| Рефлексия<br>2 мин | «Даналық ағашы» әдісі. Қызыл, жасыл, сары түсті стикерлер таратады. | Сабақтан түсінгендерін, көңіл күйлерін жазып, «Даналық ағашына» іледі. | | Рефлексияға арналған суреттер т.б. |

# §9. Тұрғын үй несиесі. Ипотека

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | III бөлім. Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 8 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | §9. Тұрғын үй несиесі. Ипотека | |
| Сабақтың мақсаты: | – оқушылар несие түрлерімен, адамдардың несие қабілеттілігін анықтау жолдарымен танысады;<br>– тұрғын үй несиесін алудың пайдасы мен зиянын түсінеді; қаржы мәселесін дұрыс шешуге, кез келген жағдайда дұрыс шешім таба білуге үйренеді; қаржылық саясат туралы білімі жетіледі, ой-өрісі кеңиді;<br>– «тұрғын үй несиесі», «ипотека» ұғымдарын түсіну арқылы қаржылық сауаттылықтары дамиды;<br>– ұқыпты, үнемшіл, өз елінің байлығын қорғай білетін, жауапкершілігі күшті азамат болуға, қаржылық жағынан сауатты болуға ұмтылады. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Қар көшкіні» тәсілі.<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау. | Оқушылар шеңбер құрып, әр оқушы өз есіміне бірінші әрпінен басталатын сын есім қосады. Келесі оқушы алдыңғы айтылғандарды қайталап, өз есімін қосуы керек: Алғыр Айша, сабырлы Серік, Берекелі Бақыт! | Мұғалімнің ауызша мадақтауы:<br>*Керемет жауап!*<br>*Ұтымды жауап!*<br>*Жарайсың!* | Сәлемдесу тақырыбындағы иллюстрациялар |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы 30 мин | **Кел, ойланайық!** (Жаңа сабаққа кіріспе.) «Болжау» әдісін қолдану ұсынылады, себебі бұл кейбір оқиғаларды талдауға өте тиімді. Оқушылардың болжауының дәл, дұрыс болуында емес, ең бастысы олардың сұрақтар бойынша белсенді түрде ой қозғауы көзделеді. Бірінің пікіріне екіншісі пікір қосып, өз ойларын түзетуін ұсынады. | Тұрғын үй несиесі, ипотека ұғымдары туралы білетіндерін ортаға салады. «Өз үйің – өлең төсегің» мақалының мағынасын қалай түсінгендерін айтып береді. Өз үйі болуының маңыздылығы туралы ой қозғайды. | Бір-біріне құрмет ретінде «Қол шапалақтап» бағалау | Интербелсенді тақта |
| | **«Түйін сөздер»** айдарында «несие», «тұрғын үй», «ипотека», «несие пайызы» ұғымдарының мағынасын түсіндіру үшін алдымен оқушылардан не білетіндерін сұрайды және **«Бұл маңызды»** айдарындағы анықтамалармен таныстырады. | Түйін сөздермен танысып, мағынасын анықтайды және олардың анықтамаларымен танысады. Өз пікірлерінің дұрыс-бұрыстығын саралайды. | | Оқулық |
| | **Мәтінмен жұмыс.** Оқуға берілген мәтін «Қазақ үйі» деп аталады. Осы орайда киіз үй туралы қысқаша айта кеткен жөн.<br><br>**«Анықта!»**<br>Мәтінде келтірілген киіз үй мен үй-жай атауларының суреттерін тауып, анықтамасын жаздыртады. | Оқушылар мәтінді мұқият оқып шығып, тапсырманы орындайды. Ой қорытындысын жасайды.<br><br>Кестені толтырады. | **Дескриптор:**<br>– мәтіндегі ақпаратты анықтайды;<br>– ой тұжырымын жасайды;<br>– кестені толтырады.<br>Өзара бағалау, кері байланыс жасау | Интербелсенді тақта<br><br>Таныстырылым |
| | **«Оқы, қызық!»** (Қызығушылықты арттыру) Бұл айдарда халықты баспанамен қамту мәселесі туралы мәліметтер берілген. Ипотека туралы түсінік берілген. Ипотека түрлерімен танысуға арналған қызықты дерекпен таныстырады. Мәтінді оқып, өз баспанасының болуын қалай жүзеге асыратынын дәлелдеулеріне мүмкіндік береді. | Қаржыны үнемдеу мен пайдалы іске жұмсау керектігін түсінетін болады. Сонымен қатар ипотека, несиенің пайдасы мен зиянды жақтарын ескеретін болады. | **Дескриптор:**<br>– ақпаратты қолданады;<br>– ақпаратты есте сақтайды;<br>– қаржылық сауаттылықтары артады. | Сызба, кесте суреті бар парақшалар.<br><br>Оқулық |



Арман-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **«Жадыңда сақта!»**<br>Оқушылардың білімін толықтыру мақсатында елімізде несиенің қандай түрлері бар екендігі туралы жадынама берілген. | Оқушылар берілген жадынаманың мағынасына көз жүгіртіп, мазмұнын түсінуге тырысады және инфографикада берілген ақпараттарды назарларына алады. | Стикерлермен марапаттау | Стикерлер |
| Бекіту<br>5 мин | **«Зертте!»**<br>Бұл айдарда сабақта алған ақпараттар мен білімді бекіту жұмыстары жүргізіледі.<br>Ипотекалық бағдарламалардың тиімділігі мен жеңілдіктері туралы баспасөз материалдарынан ізденіп, кестені толтырады. | Оқушылар ізденіс жұмыстарын жасайды. Жылжымайтын мүлік кепілімен берілетін несие тәсілі, кепілмен беретін несие туралы қысқаша түсініктері артады, білімдері бекітіледі. 2-тапсырманы үй жұмысы ретінде ұсынуға болады. | | «Тұрғын үй бағдарламалары» атты кесте сызылған парақшалар |
| Сабақтың соңы<br>3 мин | **«Біліміңді тексер!»**<br>Сабақты қорытындылайды. | Сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. | Ауызша мадақтау | Оқулық |
| Рефлексия<br>2 мин | «Бағдаршам» тәсілі. Мұғалім бағдаршам түстеріне сәйкес қағаздар таратады. Бұл тәсіл қандай оқу материалын қайталап, пысықтау керектігін анықтауға көмектеседі. | Сабақты түсінгендер жасыл түсті, жартылай түсінгендер сары түсті, түсінбегендер қызыл түсті қағазды көтереді. | «Бағдаршам» әдісі бойынша бағалау | Рефлексияға арналған түрлі түсті жолақшалар |

## §10. Отбасы бюджетін жүргізу ережесі. Жоспарсыз сатып алу

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | III бөлім. Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 8 | Қатысушылар саны: | Қатысպағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | §10. Отбасы бюджетін жүргізу ережесі. Жоспарсыз сатып алу | |
| Сабақтың мақсаты: | – оқушылар отбасы бюджетін жоспарлауға қатысудың артықшылығын біледі; «жоспарсыз сатып алу», «мінез-құлық шешімі», «шығындар жоспарының болмауы» жөніндегі ұғымды түсінеді;<br>– жоспарсыз сатып алмаудың жолдарын үйренеді және отбасы бюджетін есептеу, қаржылық жоспар туралы түсініктері жетіледі;<br>– өз шығындарын жоспарлауда шығармашылық ойлауды әрі өз шығындарын жоспарлаудағы эмоционалды интеллект дағдыларын дамытады;<br>– өз шығындарын жоспарлау мәдениетіне және үнемдеу мен ұқыптылыққа бейімделеді. | |

АРМАН-ПВ баспасы

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Көңіл күйді анықтау» әдісі.<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау. | Оқушылар бүгінгі көңіл күйлерін бір сөйлеммен айтып шығады. Мысалы: «Менің көңіл күйім жарқыраған жаздай!», «Айлы түндей тынышпын» т.б. | Ауызша мадақтау: *Жарайсың! Керемет сөз айттың!* | Интербелсенді тақта, компьютер |
| Сабақтың ортасы<br>30 мин | **«Кел, ойланайық!»** (Жаңа сабаққа кіріспе)<br>Сұрақтарды талдау үшін «Тоғысқан пікірталас» әдісін ұсынылады. Ол оқушылардың сабаққа бейімделуіне, ой-пікірлерімен бөлісуіне өте жақсы ықпал етеді. | Оқушылар өз жауаптарын айтып, мұғаліммен бірлесе талдап, қорытынды жасайды.<br>Қазіргі нарықтық кезеңде адами капиталдың дамуы үшін отбасы бюджетін дұрыс жоспарлаудың жауапкершілігін түсінеді. | Бір-біріне құрмет ретінде «Қол шапалақтап» бағалау | Оқулық |
| | **«Түйін сөздер»** айдарында оқушылар түсініксіз ұғымдармен жұмыс істеп, ойларын қорытындылай келе жаңа тақырыпты меңгеруге жағдай жасалады. Ұғымдардың анықтамасы **«Бұл маңызды»** айдарымен берілген. | Оқушылар ұғымдардың мағынасын қалай түсінгендерін айтады және «Бұл маңызды» айдарында берілген анықтамалармен танысады. Оқушылар мұғаліммен бірлесіп, қорытынды жасайды. | Достық белгісімен «Қол алысу» арқылы бағалау<br><br>Смайликтермен бағалау | Оқулық<br><br>Смайликтер |
| | **Мәтінмен жұмыс.**<br>Оқу материалы ретінде «Отбасылық бюджет» тақырыбында мәтін берілген. Мұғалім мәтінді мұқият түсініп оқуға кеңес береді. | Мәтінді оқып, отбасы мүшесі саналатын жасөспірім де өз бетімен табыс таппаса, тек ата-анасының берген ақшасын пайдаланса, оның отбасы бюджетіндегі жағдайын пассивті деп айтуға болатынын түсінеді. | | |
| | **«Талда!»** Мәтін мазмұнын «Балық қаңқасы» тәсілімен талдауды ұсынылады. Балықтың басына: қаралатын, талқыланатын тақырып жазылады. Оң жақ қабырға сүйектеріне: анықтаған проблема себептері, тақырыптың негізгі мазмұндары мен түсініктері жазылады. Сол жақ қабырға сүйектеріне: проблемаларды шешу жолдары, қарама-қайшылық тудырушы кедергілер жазылады. Балықтың құйрығына: анықталған жұмыстың нәтижесі мен талданған тақырыптың қорытындылау сұрағына жауап жазылады. | Оқушылар әр бөлікті толтырып, мәтінді талдайды, түсініктерін молайтады. Отбасы бюджетін жоспарлауға балалардың қатысуының артықшылығын біледі.<br>Оқушыларда «бюджет», «отбасы бюджеті», «қалтапұл» ұғымдары жөнінде ұғымдар қалыптасады, кірістер мен шығыстарды игеру туралы функциялық сауаттылықтары артады. | **Дескриптор:**<br>– қаралатын мәселені талқылайды;<br>– проблема себептерін анықтайды;<br>– тақырыптың негізгі мазмұнын анықтап, қорытынды жасайды.<br><br>Ауызша кері байланыс жасау | Флипчарт, маркер |



АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **«Ойлан!»**<br>Кестені толтыру жұмыстарын береді. Бұл тапсырманы топта немесе жұпта орындауды ұсынады. Кесте оқулықта берілген.<br>2-тапсырма туралы пікірлерін ортаға салуды ескертеді. | Оқушылар кестені толтырады. Нәтижесін отбасымен бірге талқылап, отбасылық бюджетті жүргізу ережелерін белгілейді.<br>Оқушылар өз жауаптарымен бөліседі. Отбасы бюджетін сақтау мен өз отбасына көмектесу туралы пікірлерін ортаға салады. | «Қолпаштау» әдісімен бағалау | Интербелсенді тақта<br>Таныстырылым |
| | **«Оқы, қызық!»** (Қызығушылықты арттыру)<br>Берілген қызықты мәліметті оқыта отырып, бала өзіне қажетті қаражатты жинау дағдысын игеретін, ересек өмірде жетістікке жетуіне болатындығын зерделеуге жетелейді. | Бала қажетті қаражатты жинау дағдысын игереді әрі төзім мен шыдамдылық болған жерде неге болса да қол жеткізетінін түсінеді. | Мадақтау сөздерімен кері байланыс | Кесте сызылған ватман |
| | **«Анықта!»**<br>Кестеде берілген пікірлердің дұрыс/бұрыстығын анықтайды. Мұғалім бұл кезеңде оқушыларды ширату немесе сергіту мақсатында тез әрі жылдам орындауды ұсынады. | Тапсырманы ауызша тез-тез орындайды. Түсініктері жетіледі. | | |
| | **«Жағдаяттық тапсырма»**<br>Мұғалім оқушыларды топқа бөліп (топқа бөлуді түрлі әдістермен өткізуге болады), берілген жағдаяттарды шешу мен сұрақтарға жауап беру ұсынылады.<br>Оқулықтағы ұсынылған шығармашылық тапсырмалар оқушылардың сабақтан алған білім-біліктерін іс жүзіне асыруға арналған.<br>Берілген жағдаяттардың кем дегенде біреуін «Рөлдік ойындар» әдісімен өткізуді ұсынылады. | Оқушылар жағдаяттарды орындайды. | **Дескриптор:**<br>– жағдаяттық тапсырмаларды орындайды;<br>– рөлдік ойындарды жақсы көрсете алады;<br>– мәселеге өз көзқарасын білдіреді. | Интербелсенді тақта<br>Таныстырылым |
| | **«Жадыңда сақта!»**<br>Отбасы бюджетін жүргізудің қарапайым ережелеріне талдау жасап, есте сақтау тапсырылады. | Жадынамамен танысып, есте сақтайды. | Мадақ сөздермен бағалау | |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Бекіту<br>5 мин | **«Жасап көр!»**<br>Тапсырмалар орындатады. | Қаржылық сауаттылық, жоспарсыз сатып алудың отбасылық бюджетке әсері, үнемдеу туралы білімдерін тиянақтайды. | Өзін-өзі бағалау | Оқулық |
| Сабақтың соңы 3 мин | **«Біліміңді тексер!»**<br>Сабақты қорытындылайды. | Сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. | Ауызша кері байланыс | Оқулық |
| Рефлексия<br>2 мин | «Даналық ағашы» әдісі. Жеміс формасындағы стикерлер таратады. | Оқушылар өз әсерлерін жазып, «Даналық ағашына» іледі. | | Рефлексияға арналған стикерлер |

# IV БӨЛІМ. ӨМІР СҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІ

## §11. Ережелер мен заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | IV бөлім. Өмір сүру қауіпсіздігі | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 8 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | §11. Ережелер мен заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік | |
| Сабақтың мақсаты: | – ереже мен заңның ұқсастығы мен айырмашылығын біліп, ережелерді сақтап, заңға бағынудың жеке адамға және қоғамға әсерін біледі;<br>– адамның мақсаты мен мұратына жетуінің шарттарының бірі ережелер мен заңға бағынып, жауапкершілік сақтауға тікелей байланысты болатынын ұғынады;<br>– ережелер мен заңдарды бұзу салдарын түсінеді;<br>– ережелер мен заңдарды сақтауда жауапкершілік алғанда адам өмірі қандай болатынын түсінеді. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Сүйіспеншілік энергиясын жіберу» ойыны. | Барлық оқушы шеңберге тұрып, қол ұстасып, тізбекпен бір-бірінің көзіне қарап жүректен шыққан жылы тіркестерді айтады. | Мейірімді сөздер бағалау | Компьютерден көңілді әуен |



АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы 30 мин | **«Кел, ойланайық!»** айдарында берілген сұрақтар арқылы мұғалім оқушылардың берілген тақырып төңірегінде өзіндік пікірлерін білдіре алу іскерлігіне үйрету мақсатында сұрақтар қояды. | Оқушылар өз пікірлерін, ойларын (көзқарас, себеп, мысал, жалпылау) баяндап айта білуге үйренеді. Дәлелді мысалдар келтіреді. | **Дескриптор:**<br>– сұрақтарға жауап береді;<br>– ережелер мен заңдар туралы сұрақтарға жауап бере алады. | Оқулық<br><br>Таныстырылым |
| | **Мәтінмен жұмыс.**<br>Мұғалім оқушылардың тақырыпқа сәйкес пікірлерін толықтыру, адам өміріндегі ережелер мен заңдарға бағынудың маңыздылығын түсіндіру мақсатында «Шектен шықпа!» аңызымен таныстырады. Аңыз-әңгімені **Талда** айдарының сұрақтарға арқылы жан-жақты, тереңірек талқылауға болады. | Оқушылар аңыз-әңгімені оқулықта берілген сұрақтарға арқылы жан-жақты, тереңірек талқылайды. | **Дескриптор:**<br>– тәртіп пен заңға бағынудың мәнін ұғады;<br>– заман өзгеріп, тіршілігіміз жаңа сипатқа көшкенімен, шектен шықпаудың, тәртіпке бағынудың құнды, қасиетті, дұрыс әрекет екенін түсінеді. | Интербелсенді тақта<br>Таныстырылым |
| | Оқулықта **«Бұл маңызды»** айдарында тақырыпқа сәйкес **түйін сөздердің**, анықтамалары және қысқаша сипаттамалары берілген. | Оқушылар түсініктерін айтады, «Бұл маңызды» айдарында берілген анықтамалармен танысады. | | |
| | **«Жағдаяттық тапсырма»**<br>Мұғалім оқушыларға тапсырмаларды орындау жолдарын түсіндіреді.Оқушыларды жұмысты орындауға жетелейді. | Жағдаяттарды шешеді. Пікірлерін, өз ойларын ортаға салып, ашық сөйлесуге дағдыланады. | «Қолпаштау» тәсілімен бағалау | Оқулық |
| | **«Жадыңда сақта!»** айдарында ҚР Конституциясының 12, 34, 13, 14-баптары берілген.<br>Берілген ақпараттың мақсаты – оқушылар өз құқықтарын қорғауда ҚР Конституциясы мемлекеттің басты құқықтың құжаты болып саналатынын, түрлі жағдайлар туындағанда ата заңды басшылыққа алуымыз керек екенін түсіндіру. | Оқушылар ҚР Конституциясының 12, 34, 13, 14-баптарымен танысады. | | Таныстырылым |
| | **«Даналардан шыққан сөз»** айдарында данышпандардың өсиеттерін оқып, ой түйіндеу тапсырмасы берілген. | Оқушылар данышпандардың өсиеттерін оқып, ой түйіндейді. | Ауызша кері байланыс<br>Жақсы! Тамаша! | |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **«Сәйкестендір!»** айдарында «заң», «ереже», «тәртіп», «ереже» ұғымдарын тереңірек түсіндіру мақсатында ұғымдар мен түсініктерді анықтамаларымен сәйкестендіру тапсырмасы берілген.<br><br>**«Ойлан»** айдарында баспалдаққа берілген ұғымдарды маңыздылығына қарай орналастыру тапсырмасы берілген.<br>**«Жасап көр!»**<br>Мұғалім оқушыларды топқа бөліп, тапсырманы орындатады. | Оқушылар сабақта алған білімдерін көрсетеді. Тапсырманы жұптасып, тез-тез ауызша орындайды.<br><br>Оқушылар берілген ұғымдарды маңыздылығына қарай орналастырады.<br>Оқушылар тапсырманы топпен орындайды. Топтың әрбір мүшесі өзінің рөлін анық түсінгендігіне көз жеткізеді. | «Бес саусақ» әдісімен бірін-бірі бағалау | Интербелсенді тақта<br>Таныстырылым<br><br>Оқулық |
| Бекіту<br>5 мин | **«Зертте!»** айдарында ереже мен заңға түсінік беріп, Венн диаграммасына жазу тапсырмасы берілген. | Оқушылар ереже мен заңға түсінік беріп, Венн диаграммасына толтырады. | | Тақта, ватман, маркер |
| Сабақтың соңы (5 мин) | **«Біліміңді тексер!»**<br>Сабақты қорытындылайды. | Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. | | Оқулық |
| Рефлексия | «Шаттық шеңбері» әдісі. | Оқушылар шеңбер құрып, бір-біріне қарап бүгінгі сабақ туралы сұрақтар қояды, қарсы тұрған оқушы сол сұраққа жауап беруі тиіс. Орындарымен алмасып отырады. | | |

## §12. Жауапты іс-әрекет және инфекцияның алдын алу

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | IV бөлім. Өмір сүру қауіпсіздігі | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 8 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | §12. Жауапты іс-әрекет және инфекцияның алдын алу | |
| Сабақтың мақсаты: | – инфекциялық аурулардың адам ағзасында қалай пайда болатынын, бұл аурулардың алдын алу жолдарын, оларды болдырмауда адам жауапкершілігінің қаншалықты маңызды екенін ұғынады;<br>– инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды орындай алу іскерлігі мен дағдыларын дамытады, алған білімдерін күнделікті өмірде пайдалана алады;<br>– жауапсыз іс-әрекет пен инфекцияның алдын алмаудың салдарын түсінеді;<br>– инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды орындай алады. | |



Арман-ПВ баспасы

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу.<br>Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Алғыс» ойыны. | Оқушылар бірі-біріне допты немесе жұмсақ ойыншықты лақтыра отырып, «Мен саған ... үшін ризамын» деп ризашылығын білдіреді. | Ауызша кері байланыс | Компьютерден көңілді әуен |
| Сабақтың ортасы<br>30 мин | **«Кел, ойланайық!»**<br>Мұғалім сұрақтар қояды. | Оқушылармен тақырыпқа сәйкес қандай да болмасын ақпарат (мәлімет, проблема, сұрақ) туралы бар білгендерін ауызша ортаға салып, талқылайды. | **Дескриптор:**<br>– сұрақтарға жауап береді;<br>– инфекциялық аурулардың адам ағзасында пайда болу себептерін талқылайды;<br>– инфекциялық ауруларды болдырмауда адам жауапкершілігі қаншалықты маңызды екенін ұғынады. | Оқулық |
| | **Мәтінмен жұмыс.**<br>Мұғалім ақпараттық-танымдық мәтінмен таныстырады. Мәтін мазмұнын берілген сұрақтарға арқылы жан-жақты, тереңірек талқылауға болады.<br>«**Бұл маңызды»** айдарында «инфекция», «микроб теориясы», «вирус», «бактерия» ұғымдары туралы түсінік берілген.<br>**«Жадыңда сақта!»**<br>Тапсырманың мақсаты оқушыларға ҚР әрбір азаматының азаматтық міндеті – заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан, өзіне жүктелген міндетін дұрыс орындау екенін ұғындыру.<br>**«Оқы, қызық!»**<br>Мәтінмен таныстырады. | Оқушылар берілген мәтінді оқып, сұрақтарға жауап береді.<br><br>Оқушылар өз түсініктерін айтады, «Бұл маңызды» айдарында берілген анықтамалармен танысады.<br>Заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан, өзіне жүктелген міндетін дұрыс орындау керек екенін ұғынады. Өз ойларымен бөліседі.<br><br>Оқушылар берілген ақпараттың мағынасына көз жүгіртіп, мазмұнын түсінуге тырысады және инфографикада берілген ақпараттарды назарларына алады. Ізденіс жұмыстарын жасайды. | **Дескриптор:**<br>– мәтіндегі негізгі ойды ажыратады;<br>– академиялық инфекция ұғымының мәнін түсінеді;<br>– микроб, вирус, бактерия туралы ақпаратпен танысады.<br>«Бағдаршам» әдісімен бірін-бірі бағалау<br><br>**Дескриптор:**<br>– ақпаратты қолданады;<br>– ақпаратты есте сақтайды. | Таныстырылым<br>Оқулық<br><br>Оқулық |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **«Зертте!»**<br>Мұғалім бұл тапсырманы орындату барысында оқушыларға барлық жағдайда заңға бағынып, заң аясында дұрыс әрекет ету қажеттігін ұғындырып, заңсыз жасалған әрбір әрекеттің заңмен жазаланатыны түсіндіру керек.<br>**«Жағдаяттық тапсырма»** айдарында оқушыларға біліп, түсінгендерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету мақсатында төмендегідей жағдаяттар ұсынылды. | Оқушылар барлық жағдайда заңға бағынып, заң аясында дұрыс әрекет ету қажеттігін ұғынып, заңсыз жасалған әрбір әрекеттің заңмен жазаланатыны түсінеді.<br>Оқушылар түрлі жағдаяттарды сыни түрде талдап, оны шешуге үйренеді, мәселені шешуде дұрыс әрекет жасай біледі. | **Дескриптор:**<br>– түрлі жағдаяттарды сыни түрде талдайды, оны шешуге үйренеді;<br>– мәселені шешуде дұрыс әрекет жасай білуге дағдыланады. | Оқулық |
| | **«Жасап көр!»** айдарында инфекциялар туралы төмендегі қадамдарды басшылыққа алып, бастауыш сынып оқушыларына арналған жоба құрастыру тапсырылады. Мұғалім оқушыға жадығат жасау алгоритмімен таныстыруы керек. | Тақырыпқа сәйкес бейнежазба жасап, Интернетке жүктейді. | Оқушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды. | Интербелсенді тақта<br>Таныстырылым |
| Бекіту<br>5 мин | **«Ойлан!»** айдарында оқушылардың сабақта алған білімдерін анықтау мақсатында тест тапсырмалары берілген.<br>**Дұрыс жауаптары:** 1 – А, 2 – Б, 3 – А. | Оқушылар сабақта алған білімдерін анықтау мақсатында тест тапсырмаларына жауап береді. Білімдерін бекітеді. | Ауызша кері байланыс | Интербелсенді тақта |
| Сабақтың соңы<br>5 мин | **«Біліміңді тексер!»** «Саламатты өмір салтын ұстанудың маңызы» тақырыбында аргументті эссе жазу тапсырмасын үйде орындауға беруге болады. | Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. Ой қорытады.<br>Өз әсерлерімен бөліседі. | Ауызша кері байланыс | Оқулық |
| Рефлексия | «Сиқырлы айна» әдісі | Оқушылар шеңбер құрып, бір-біріне қарап бүгінгі сабақ туралы сұрақтар қояды, қарсы тұрған оқушы сол сұраққа жауап беруі тиіс. Орындарымен алмасып отырады. | | |

Арман-ПВ баспасы

# §13. Жеке басына қол сұқпаушылық құқығы

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | IV бөлім. Өмір сүру қауіпсіздігі | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 8 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | §13. Жеке басына қол сұқпаушылық құқығы | |
| Сабақтың мақсаты: | – жеке басқа қол сұқпаушылықтың азаматтардың конституциялық құқы мен бостандықтарының негізгі принципі екенін, адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылғанын, олар абсолютті деп танылғанын, олардан ешкім айыра алмайтыны түсінеді;<br>– күнделікті өмірде заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің бұзылуы заңмен реттелетінін ұғады;<br>– адамдардың жеке басы мен өміріне қол сұғу әрекеттері азаматтардың конституциялық құқығын бұзу болып табылатынын, ол үшін айыпты адам тиісті жауапкершілікке тартылатынын ұғынады;<br>– өз құқықтары мен бостандықтарын қорғай алады. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы 5 мин | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Көңіл күйді анықтау» әдісі. | Оқушылар бүгінгі көңіл күйлерін бір-бір сөйлеммен айтып шығады, жағымды ойларын ортаға салады. | «Қолпаштау» тәсілімен бағалау | Компьютерден көңілді әуен |
| Сабақтың ортасы 30 мин | **«Кел, ойланайық!»** айдарында сабақ мақсатындағы негізгі идеяны ұжымдық түрде талқылау, мәселенің шешімін іздеу мақсатында сұрақтар берілген. Мұғалім сұрақтар бойынша талқылау жүргізгенде әр оқушының пікірін тыңдап, мәселенің шешімін бірге табуды мақсат етуі тиіс.<br>**Мәтінмен жұмыс.**<br>Оқулықта «Жеке басқа қол сұқпаушылық» тақырыбында танымдық мәтін берілген. Мұғалім мәтінде оқушылар назарын азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандықтарына, «адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті | Оқушылар сұрақтарды талқылайды, мәселенің шешімін бірге тауып, ой бөліседі.<br><br>Оқушылар сұрақтар бойынша мәтіннің мазмұнын талдайды. | Ауызша кері байланыс<br><br>**Дескриптор:**<br>– негізгі ұғымдар мен түсініктерді тереңірек және нақты түсінеді;<br>– жеке басы мен өміріне қол сұғу азаматтардың конституциялық құқығын бұзу екенін біледі; | Интербелсенді тақта<br>Таныстырылым<br><br>Оқулық |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | деп танылғанын, олардан ешкім айыра алмайтыны түсіндіріліп, заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің бұзылуы заңмен реттелетініне аударуы тиіс.<br>Мұғалім мәтінді талқылау үшін **«Талда»** айдарындағы сұрақтарды пайдалануына болады.<br>**«Оқы, қызық!»**<br>Мұғалім берілген ақпаратпен жұмыс барысында оқушыларға адам құқықтары мен бостандықтары және оны қорғау мәселесінің өте ерте заманнан көтерілгенін, қай кезде де өзекті мәселе болғанына назар аудартуы тиіс. | Оқушылар берілген ақпаратпен танысып, пікірлерімен бөліседі. | – адам құқықтары мен бостандықтарының абсолютті болу себебін анықтайды. | |
| | **«Жағдаяттық тапсырма»** айдарында білген, түсінген мәселелерін, күнделікті өмірде қолдана білу және болып жатқан жағдайларға сыни тұрғыдан қарай алуға, дұрыс шешім шығара алуға үйрету мақсатындағы тапсырмалар берілген.<br>**«Жасап көр!»**<br>Флешмобтың мақсаты: балалардың, олардың ата-аналары мен педагогтардың назарын белгілі бір проблемаларға аудару. Флэшмоб алдын-ала келісілген әрекетті синхронды түрде орындайтын қысқа мерзімді акция (әдетте шамамен 5 минут)<br>**«Зертте!»**<br>ҚР Конституциясының 13-бабын оқып, өмірден мысалдар келтіре отырып, өз ойларын жазу тапсырылды.<br>**«Жадыңда сақта!»** айдарында балаларға көмек көрсететін халықаралық ұйымдардың туралы ақпарат берілген.<br>**«Ойлан!»** айдарында оқушының сабақта меңгерген білім дәрежесін анықтау және ол білімді түрлі жағдайларда қолдана білуін тексеру мақсатында тестік бақылау берілді. | Оқушылар тапсырмаларды орындау арқылы ненің дұрыс, ненің бұрыс екеніне көз жеткізеді. Берілген жағдаяттық тапсырмаларды үш топқа бөліп орындайды. Рөлге еніп, қойылым қояды. Заң аясында дұрыс әрекет етуге мұғалімнің кеңесіне жүгінеді.<br><br>Оқушылар жоба жасап, қорғайды. Сұрақтарды негізге ала отыра флэшмоб ұйымдастырады.<br><br>ҚР Конституциясының 13-бабын оқып, өмірден мысалдар келтіреді. Өз ойларымен бөліседі.<br><br>Оқушылар халықаралық ұйымдар туралы ақпаратпен танысады.<br><br>Тест тапсырмаларын орындайды.<br>**Дұрыс жауаптары:** 1 – А, 2 – Ә, 3 – А. | **Дескриптор:**<br>– тапсырмаларды түрлендіріп, рөлдік ойындар түрінде көрсетеді;<br>– тұжырымдама жасайды.<br>**Дескриптор:**<br>– ойлау белсенділігін дамытады;<br>– білімі мен білігін жаңа жағдайға пайдалана білуге үйретеді;<br>– өз беттерінше ақпараттарды тауып, талдап, саралап, шешім шығаруға үйретеді;<br>– шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылықтарын дамытады. | Интербелсенді тақта<br>Таныстырылым<br><br>Оқулық<br><br>Интербелсенді тақта<br>Таныстырылым |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>5 мин | «**Біліміңді тексер!**» айдарында берілген сұрақтарға жауап береді. | Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді.<br>Ой қорытады. Өз әсерлерімен бөліседі. | Ауызша кері байланыс | Таныстырылым |
| Рефлексия | «Ашық микрофон» әдісі. | Оқушылар кезектесе отырып, қолдарына микрофон макетін алып, бүгінгі сабақтан алған әсерлерін айтады. | | Микрофон макеті |

# §14. Зорлық-зомбылыққа жол жоқ

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | IV бөлім. Өмір сүру қауіпсіздігі | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 8 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | §14. Зорлық-зомбылыққа жол жоқ | |
| Сабақтың мақсаты: | – зорлық-зомбылық пен қорлаудың не екенін біліп, олардың салдарын түсінеді;<br>– зорлық-зомбылық пен қорлауға қарсы тұру жолдарын біледі;<br>– айнала қоршаған ортасында еш нәрсеге қиянат жасамайды. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Сүйіспеншілік энергиясын жіберу» ойыны. | Оқушылар шеңбер құрып, қол ұстасып, тізбекпен бір-бірінің көзіне қарап жүректен шыққан жылы тіркестерді айтады. | Мейірімді сөздер арқылы кері байланыс | Компьютерден көңілді әуен |
| Сабақтың ортасы<br>30 мин | Мұғалім негізгі мәселені талқылап, мәселенің шешімін бірлесіп іздеу мақсатында **«Кел, ойланайық!»** айдарындағы сұрақтарды қояды.<br><br>**Мәтінмен жұмыс.**<br>Оқушылар игеруге тиісті негізгі ұғымдар мен түсініктерді тереңірек ұғындыру мақсатында | Оқушылар өз пікірлерін, ойларын (көзқарас, себеп, мысал, жалпылау) баяндап айта білуге үйренеді. Дәлелді мысалдар келтіреді.<br><br>Оқушылар берілген сұрақтар арқылы жан-жақты, тереңірек талқылайды. | **Дескриптор:**<br>– зорлық-зомбылық, қорлау туралы сұрақтарға жауап бере алады. | Оқулық<br>Таныстырылым<br><br>Оқулық<br>Таныстырылым |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | Ш.Құдайбердіұлының «Ар ілімі» шығармасы берілген. Мұғалім мәтінді талқылату барысында адам айнала қоршаған ортасында еш нәрсеге қиянат жасамау үшін ар-ұжданын басшылыққа алуы керектігіне назар аудартып, **«Талда»** айдарында берілген сұрақтарды негізінде талқылау жүргізеді. | | | |
| | «**Бұл маңызды**» айдарында тақырыптың түйін сөздеріне берілген анықтамалармен таныстырады. | Оқушылар ұғымдар туралы өз түсініктерін айтып, «Бұл маңызды» айдарында берілген анықтамалармен танысады. | | Оқулық<br>Таныстырылым |
| | **«Жадыңда сақта!»**<br>Мұғалім ҚР Конституциясының 17-бабымен таныстырады. | Оқушылар ақпараттармен танысады. | | |
| | **«Жағдаяттық тапсырма»** айдарында сабақта білген, түсінген мәселелерін, күнделікті өмірде қолдану және болып жатқан жағдайларға сыни тұрғыдан карауға, дұрыс шешім шығара алуға үйрету масатында 3 топқа бөлініп, жағдаяттарды шешу тапсырмасы ұсынылған. | Оқушылар 3 топқа бөлініп, жағдаяттарды шешеді. Зорлық-зомбылықты тудыратын негізгі факторларды анықтап, олардың алдын алу жоспарын және жадынамасын жасайды. | **Дескриптор:**<br>– өз көзқарасын айтады, мысал келтіре отырып, өз аргументін талдап, қорытады. | Интербелсенді тақта<br>Таныстырылым |
| | **«Жадыңда сақта!»**<br>Мұғалім сенім телефондары туралы ақпаратпен таныстырады. | Оқушылар ақпараттармен танысып, өмірлік қиын жағдай туындағанда, құқықтарын қорғауда қандай ұйымдарға жүгініп, нені білуі керек екендігін терең түсінетін болады. | «Бес саусақ» әдісімен бірін-бірі бағалау | Интербелсенді тақта<br>Таныстырылым |
| | **«Жасап көр!»**<br>Тапсырманы үй тапсырманы ретінде беруге болады. | Оқушылар зорлық-зомбылыққа қарсы ақпараттық-білім беру мақсатында жасалған «Айналайын SOS» жобасымен танысып, жұбымен бірлесіп, плакат жасайды. | «Бағдаршам» әдісімен бірін-бірі бағалау | Плакат, түрлі түсті маркер не фломастер, оқу құралдар |
| | **«Ойлан!»** айдарында оқушылардың сабақта алған білімдерін анықтау мақсатында тест тапсырмалары берілген.<br>**Дұрыс жауаптары:** 1 – Ә, 2 – Ә, 3 – А. | Оқушылар тест тапсырмаларын орындайды. | | Оқулық<br>Интербелсенді тақта<br>Таныстырылым |
| | **«Даналардан шыққан сөз»**<br>Оқушыларды ұлы тұлғалардың нақыл сөздерімен таныстырады. | Оқушылар данышпандардың нақыл оқып, ой түйіндейді. | | |



АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Бекіту<br>5 мин | **«Зертте!»** айдарында зорлық-зомбылықтың жәбірленушіге, қылмыскерлерге тигізетін салдары туралы тапсырмасы берілген. | Дәлелді эссе жазады. | «Бағдаршам» әдісімен бірін-бірі бағалау | Таныстырылым |
| Сабақтың соңы 5 мин | **«Білімінді тексер!»**<br>Сабақты қорытындылайды. | Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. Ой қорытады. | | Оқулық |
| Рефлексия | Әр оқушы өзі туралы кластер құрады. Парақтың ортасындағы шеңберге өз есімін жазып, одан таратылатын шеңберлерге берілген сұрақтарға бес жауап жазады. | Оқушылар өздерінің жазғандарын топ ішінде талқылайды, сыныптастарының сұрақтарына жауап береді. | | Ақ парақ, түрлі түсті маркер не фломастер, оқу құралдары |

# §15. Алғашқы көмек көрсету ережелері

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | IV бөлім. Өмір сүру қауіпсіздігі | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 8 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | §15. Алғашқы көмек көрсету ережелері | |
| Сабақтың мақсаты: | – алғашқы көмек көрсетудің жолдарын біледі;<br>– адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп төнгенде, оның өмірін сақтап қалу үшін немесе апаттың зиянды әсерін азайту үшін қолданылатын қарапайым шараларды біледі;<br>– адам өміріне немесе денсаулығына кенеттен қауіп төнгенде, оның өмірін сақтап қалуда дұрыс әрекет етеді. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Сүйіспеншілік энергиясын жіберу» ойыны. | Оқушылар шеңбер құрып, қол ұстасып, тізбекпен бір-бірінің көзіне қарап жүректен шыққан жылы тіркестерді айтады. | Мейірімді сөздер арқылы кері байланыс жасау | Компьютерден көңілді әуен |
| Сабақтың ортасы<br>30 мин | «Оқулықтағы «**Кел, ойланайық**» айдарында берілген сұрақтар балалардың материалды оқып, үйренуден бұрын не білетінін айқындауға, ақпарат алмасуға көмектеседі. | Оқушылар өз пікірлерін, ойларын (көзқарас, себеп, мысал, жалпылау) баяндап айта білуге үйренеді. Тапсырманы орындауда оқушылар дәлелді мысалдар келтіреді. | **Дескриптор:**<br>– сұрақтарға жауап береді; | Оқулық |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **Мәтінмен жұмыс.**<br>Оқулықта «Алғашқы медициналық көмек» тақырыбында ақпарат берілген. Мұғалім мәтінді талқылату барысында алғашқы көмек және оны мақсаты және қалай көрсету керектігі, алғашқы көмектің негізгі шаралары туралы мәселелерге басымдық береді. | Оқылым мәтінімен жұмыс істейді, алғашқы көмек және оны қалай көрсету керектігі, алғашқы көмектің негізгі шаралары туралы ұғынады. | – денсаулығына кенеттен қауіп төнгенде не істеуді біледі;<br>– апаттың зиянды әсерін азайту үшін қолданылатын қарапайым шараларды біледі. | |
| | **«Бұл маңызды»**<br>Бұл ақпаратты оқушы есте сақтауы үшін берілгендіктен, сабақтағы негізгі ереже немесе негізгі ақпарат ретінде ұсыну қажет.<br><br>**«Жадыңда сақта!»** айдарында алғашқы көмек көрсету туралы мәтін берілген.<br><br>**«Жасап көр!»**<br>Оқушыларды топтарға бөліп, жұмысты ұйымдастырады.<br><br>**«Жағдаяттық тапсырма»**<br>Тапсырманы орындауда оқушылар белгілі бір рөл ойнауына тура келеді. Тапсырманың орындалуы күрделірек. Сондықтан мұғалім алдын ала тақырыппен, рөлдермен, қарым-қатынас әдістерімен таныстыруы тиіс. | Берілген ақпаратпен танысады.<br><br>Оқушылар алғашқы көмек көрсету барысында орындалатын іс-әрекеттермен танысады.<br><br>Тапсырманы топқа бөлініп орындайды. Әр топ тақырыпқа сәйкес әрбір кейіпкердің көзқарасын, пікірін, беталысын, салдарын көрсетеді.<br><br>Оқушылар біліп, түсінгендерін күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету мақсатында тапсырманы орындайды. | Бір-біріне құрмет ретінде «Қол шапалақтап» бағалау<br><br>**Дескриптор:**<br>– алғашқы көмек көрсету барысында жасалатын алғашқы көмек түрлерінен хабардар болып, ұғынады.<br><br>«Бағдаршам» әдісімен бірін-бірі бағалау | Интербелсенді тақта<br>Таныстырылым<br><br>Оқулық<br><br>Ақ парақ, түрлі түсті маркер не фломастер, оқу құралдары |
| Бекіту<br>5 мин | **«Ойлан!»** айдарында тест тапсырмалары берілген.<br>**Дұрыс жауаптары:** 1 – A, 2 – A. | Оқушылар тест тапсырмаларын орындайды. | | Оқулық |
| Сабақтың соңы<br>5 мин | **«Біліміңді тексер!»**<br>Сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. | Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. Ой қорытады. | | Оқулық |
| Рефлексия | «Сүйіспеншілік гүлі» әдісі. Балаларға гүл күлтешелері тектес жапырақшаларды таратып, өз ата-аналарының бойындағы жақсы қасиеттерін немесе өз тілектерін жазуды ұсынады. | Оқушылар ата-аналарының бойындағы ең жақсы қасиеттерін (немесе тілектерін) жазады және барлық жапырақтарды тақтаға әдемі гүлдесте түрінде жапсырады. | | Жапырақша түріндегі қағаз қиындылары.<br>Тақтада гүлдің суретінің макеті не жобасы. |

АРМАН-ПВ баспасы

# V БӨЛІМ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

## §16. Табиғатқа деген сүйіспеншілік

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | V бөлім. Экологиялық мәдениет | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 8 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | §16. Табиғатқа деген сүйіспеншілік | |
| Сабақтың мақсаты: | – «экологиялық мәдениет» ұғымы туралы түсініктерін кеңейтеді.<br>– экологиялық теңсіздік, экологиялық мәдениет пен санитариялық мәдениет ұғымдары бойынша білімдерін жетілдіреді;<br>– экологиялық апаттарды болдырмау жолдары туралы дәлелді ақпараттарды меңгереді.<br>– табиғаттың әсемдігіне сүйсініп, табиғатқа қамқорлық жасаудың, мейірімділік пен сүйіспеншілік танытудың қажеттілігін сезінеді. | |

**Сабақтың барысы**

| **Сабақтың кезеңі/ уақыт** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Бағалау** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Сүйіспеншілік энергиясын жіберу» тәсілі. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау. | Оқушылар шеңбер құрып, қол ұстасып, тізбекпен бір-бірінің көзіне қарап жүректен шыққан жылы тіркестерді айтады. | Ауызша мадақтау: *Жарайсың! Керемет! Тамаша! Көңіліміз көтеріліп қалды!* | Интербелсенді тақта, компьютер, әуезді әуен |
| Сабақтың ортасы<br>30 мин | **«Кел, ойланайық!»** Мұғалім сұрақтарды оқушылармен бірге талқылайды: *«Экология» сөзінің мағынасын қалай түсінесің? Экологиялық мәдениет деген не? Экологиялық мәселелер неліктен туындайды? Қоршаған ортаны сақтап, қорғап қалуға қандай үлес қосар едің?*<br>**«Түйін сөздер»**<br>Мұғалім «экология», «экологиялық мәдениет», «экологиялық мәселелер», «экожүйе» ұғымдарының мағынасын анықтауға бағыт береді. | Сұрақтарға жауап береді. Экология, экологиялық мәдениет және оның қарапайым ережелері жөнінде, қоршаған ортаны сақтау мәселелері туралы әңгімелеседі.<br><br>Оқушылар берілген ұғымдардың мағынасы туралы білетіндерін айтады және **«Бұл маңызды»** айдарында берілген анықтамалармен танысады. | **Дескриптор:**<br>– дереккөздерін қолданып, ақпараттарды анықтайды;<br>– ақпараттарды есте сақтайды;<br>– өз тұжырымдарын айта алады.<br>**Дескриптор:**<br>– тақырыптың мазмұнын, мәнін ашады; | Оқулық |

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **Мәтінмен жұмыс.**<br>Ел аузында таралған аңыз негізінде жазылған «Бурабай туралы аңыз» мәтінін оқып, талдайды. | Оқушылармен тақырып мазмұнын, құндылық, қасиеттердің мәнін ашатын сұрақтар арқылы әңгімелесе отырып, табиғаттағы үйлесімділік пен оны қорғау туралы жан-жақты түсіндеді. | – табиғатты ластаудың зардаптары туралы пікірімен бөліседі;<br>– дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастырады;<br>– табиғатты қорғаудың қарапайым ережелерін біледі. | Оқулық<br><br>Интербелсенді тақта<br><br>Смайликтер |
| | «**Талда!**»<br>Мұғалім балалармен бірге мәтінді талдайды (сұрақтар оқулықта берілген). | Оқушылар сұрақтарға жауап беріп, өздері мекен етіп отырған орта бойынша да түсініктері мен пайымдауларын айтады. | ҚБ «Мақтау сөздер» тәсілімен бағалау | |
| | **«Оқы, қызық!»** айдарында бура туралы берілген мәліметпен танысады. | Қызықты мәліметті оқып, танысады. | | |
| | **«Анықта!»**<br>Оқулықта берілген суреттерді салыстырып, қоршаған ортаны таза ұстау мен ластаудың айырмасын анықтайды. «Венн диаграммасы» әдісін қолданады. | Табиғатты ластаудың зардаптары туралы әңгімелеп, өз пікірімен бөліседі. Суреттерді салыстырып «Венн диаграммасын» сызады. | | Таныстырылым<br><br>Оқулық |
| | **«Жасап көр!»**<br>Оқушыларды топқа бөліп, шығармашылық тапсырмалар орындатады. Топқа бөлуді түрлі тәсілмен жүргізуге болады. | Топтарға бөлініп, 1-топ аңыздың мазмұны бойынша сурет салады, 2-топ табиғатты қорғау тақырыбына постер жасайды, сынып алдында қорғайды. | | |
| | **«Зертте!»** айларында О.Сүлейменовтің «Бөлтіріктер» поэмасын талқылау мақсатында дөңгелек үстел өткізуді ұсынады. Салыстыру үшін М.Әуезовтің повесі желісімен түсірілген «Көксерек» фильмінен үзінді көрсетеді, (немесе үйден көруге) екі шығарманың ұқсастығы мен айырмашылығын әңгімелейді. | Талқылау сұрақтарын басшылыққа ала отырып, пікірталас өткізеді. Мәселенің өзекті жағына көңіл бөледі.<br>Фильмнен үзінді көреді, өз пікірлерін білдіреді. Жалғасын үйден көреді. | | О.Сүлейменов «Бөлтіріктер» поэмасы https://bilim-all.kz/olen/25476-Qasqyrdyn-boltirikteri |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| | **«Ойна да ойла!»** Баланың ойлау дағдыларын жетілдіру мен сергіту мақсатында ойын элементін қолданады. Ребусты шешуді ұсынады.<br>**Дұрыс жауабы:** «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» | Берілген ребусты дұрыс шешіп, ақын Ф.Оңғарсынованың нақыл сөзін оқиды және мағынасын түсіндіреді. | **Дескриптор:**<br>– мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді<br>– дөңгелек үстел өткізеді;<br>– тақырыпқа қатысты сұрақтарды талқылайды. | Интербелсенді тақта<br>Таныстырылым |
| Бекіту<br>5 мин | **«Жадыңда сақта!»**<br>Оқушылардың сабақтан алған жаңа ақпараттарды еске сақтай отырып, түйінді мәселені ойында ұстауға мүмкіндік береді. Білімдерін бекітеді. | Берілген қысқаша ақпараттарды есте сақтайды. | | Қ.Сағырбайұлы, С.Сейфуллин, М.Мақатаев портреттері |
| Сабақтың соңы<br>3 мин | **«Біліміңді тексер!»**<br>Сабақты қорытындылайды. | Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. | Ауызша кері байланыс | |
| Рефлексия<br>2 мин | Не үйрендім? / Не жасай аламын? / Маған не түсініксіз болды? | Оқушылар кестені толтырып, мұғалімге қалдырады. | | Рефлексияға арналған парақшалар |

## §17. Болашақта Жер қандай болу керек?

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | V бөлім. Экологиялық мәдениет | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 8 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | §17. Болашақта жер қандай болу керек? | |
| Сабақтың мақсаты: | – Жер бетіндегі экологиялық ахуалдың тұрақтануына әсер ететін факторлар туралы мәліметті меңгереді. Жер бетіндегі тіршілік атаулының жойылып кетуін болдырмаудың маңыздылығын түсінеді;<br>– Жердің пішіні мен параметрлерін, Жер планетасының қозғалысын табиғатқа әсерін түсінеді және берілген оқу материалындағы өзекті мәселеге назар аудару дағдыларын жетілдіреді;<br>– Жер-Ананы қадірлеуге, оның тұрғындарымен ынтымақтастықта, бейбіт қатар өмір сүруге ұмтылады. | |

АРМАН-ПВ баспасы

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу.<br>Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Ғажайып сөздер» ойыны.<br>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау | Оқушылар шеңбер құрып немесе орнында отырып парталасына жылы, мейірімді, жүректен шыққан ғажайып сөздер айтып, жақсы тілек тілейді. | Ауызша мадақтау:<br>*Жарайсың! Керемет! Тамаша! Көңіліміз көтеріліп қалды.* | Интербелсенді тақта, компьютер, әуезді әуен |
| Сабақтың ортасы<br>30 мин | **«Кел, ойланайық!»** (Жаңа сабаққа кіріспе)<br>Мұғалім сұрақтар қойып, оқушылардың жауаптарын бірге талқылап, тұжырым жасайды.<br><br>**Мәтінмен жұмыс.** Оқулықтағы «Жер шарының экологиялық ахуалы» тақырыбында берілген танымдық мәтінді оқиды. Сонымен қатар, мұғалім мәтінмен жұмыс барысында табиғаттың тепе-теңдік заңдылықтары туралы мәлімет береді.<br>**«Талда!»**<br>Мәтіннен алынған тұжырымдарды «SWOT талдау» әдісімен іріктеп оқып, талдатады.<br><br>**«Оқы, қызық!»** (Қызығушылықты арттыру)<br>Бұл айдарда И.Маск жөнінде қызықты деректер ұсынылған.<br><br>**Жасап көр!»** айдарында оқушылардың алған білімдерін пысықтау жұмыстары жүреді. Оқушыларды топқа бөліп, тапсырманы орындауға уақыт беріледі. Тапсырма орындау барысында көңіл көтеретіндей әуезді музыканы баяу үнмен қосып қоюға болады. | Сұрақтарға жауап беру арқылы барша адамзат баласының тілегі татулық, тыныштық, ынтымақ, бейбіт өмір сүру екенін түсінеді. Болашаққа таза да құнарлы жерді сақтап қалу керектігін сезінеді.<br><br>Оқушылар тақырып мазмұнын ашатын сұрақтарға жауап бере отырып, тіршілік атаулының қандай өзгеріске ұшырайтынына баса назар аударады.<br><br>Сұрақтарды негізге алып «SWOT талдау» әдісімен іріктеп оқып, талдайды.<br><br>Қызықты мәліметпен танысады.<br><br>К.Циолковскийдің болашаққа жасаған болжамын оқып, 4 топқа бөлініп, талдайды: 1-топ болашақтағы Жердің келбетін жазады; 2-топ музыкамен жабдықтайды; 3-топ суретін салады; 4-топ негізгі кейіпкердің монологін жазады. | **Дескриптор:**<br>– күшті жақтарын жазады;<br>– әлсіз тұстарын табады;<br>– қауіптерін анықтайды;<br>– мүмкіндіктерін анықтайды. | Оқулық<br>Таныстырылым<br><br>И.Масктің портреті<br><br>Таныстырылым |
| | **«Бұл маңызды»** айдарында Жер планетасы туралы танымдық мәліметтермен таныстырады. | Планетамыз туралы ақпаратпен танысады. | | |

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Бекіту<br>5 мин | «Зертте!» Жерді әлеуметтік апаттардан және ғарыштан төнетін қауіптен қорғау жөнінде ізденіс жұмыстарын жасатады және келесі сабақта оқушылар зерттеу жұмыстарын қорғайтындарын ескертеді. | Қосымша ақпарат көздерін қолданып, зерттеу жұмысын жүргізеді. Зерттеу жұмыстарын топпен, жұппен бірлесе қорғаулары да мүмкін. | **Дескриптор:**<br>– сұраққа жауап береді;<br>– болашаққа болжам жасайды;<br>– жұмысын қорғайды. | Интербелсенді тақта<br>Таныстырылым |
| Сабақтың соңы 3 мин | **«Біліміңді тексер!»**<br>Сабақты қорытындылайды. | Оқушылар сабақты қорытындылау сұрақтарына жауап береді. | | |
| Рефлексия<br>2 мин | «Ашық микрофон» әдісі. | Оқушылар кезектесе отырып, қолдарына микрофон макетін алып, бүгінгі сабақтан алған әсерлерін айтады. | | Микрофон |

## §18. Табиғи апаттар. Қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін жауапкершілік

| | | |
|---|---|---|
| Бөлім: | V бөлім. Экологиялық мәдениет | |
| Педагогтің аты-жөні: | | |
| Күні: | | |
| Сынып: 8 | Қатысушылар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | §18. Табиғи апаттар. Қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін жауапкершілік | |
| Сабақтың мақсаты: | – табиғи апаттардың түрлері мен себеп-салдары туралы түсінігін арттырады;<br>– қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін жауапкершілікке тартылатынын біледі;<br>– адам мен табиғат арасындағы үндестіктің бұзылуы қандай жағдайға әкелтінін түсінеді;<br>– экологиялық проблемаларды шешу мүмкіндіктеріне сеніп, экологиялық білімді жетілдіру мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі практикалық істерге қатысуға ұмтылысы артады;<br>– туған өлке табиғатын қорғауға, табиғи ресурстарды үнемдеуге, өзінің елін, жерін сүюге, құрметтеуге талпынады. | |

**Сабақтың барысы**

| Сабақтың кезеңі/уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | Оқушылармен амандасу, қатысуын түгендеу. Психологиялық ахуал қалыптастыр. «Алғыс» ойыны. | Оқушылар бір-біріне допты немесе жұмсақ ойыншықты лақтыра отырып, «Мен саған ... үшін ризамын» дейді. | «Мадақтау сөз» әдісімен бағалау | Интербелсенді тақта, компьютер, әуезді әуен |

АРМАН-ПВ баспасы

| Сабақтың кезеңі/ уақыт | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>30 мин | **«Кел, ойланайық!»** (Жаңа сабаққа кіріспе)<br>Мұғалім сұрақтар қойып, талдатады.<br><br>**Мәтінмен жұмыс.**<br>Оқулықта «Табиғи апаттар», «Қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін жауапкершілік» тақырыптарында берілген мәтіндерді оқып, **«Талда!»** айдарында берілген сұрақтар арқылы талданады.<br>**«Бұл маңызды»**<br>Адам қызметінің түрлі салаларының туындайтын табиғи апаттармен таныстырады.<br>**«Жасап көр!»** айдарында суреттерді зерделеп, берілген кестені толтырады.<br>**«Зертте!»** айдарында оқушылар үш топқа бөлініп, шағын ғылыми жоба қорғайды.<br>**«Анықта!»**<br>Өзі тұратын өлкедегі қандай табиғи апаттардың салдарын жою туралы жоспар құруды ұсынады. | Сұрақтарға жауап беру арқылы сабақ мазмұнының тереңдігін кеңейтеді.<br><br>Оқушылар тақырып мазмұнын ашатын сұрақтарға жауап беріп, қоршаған ортаны қорғау, ерекше қорғалатын табиғи аймақтар туралы білімдерін арттырады.<br><br>Адам әрекетінің табиғатқа әкелетін зиянымен танысып, табиғатты қорғаудағы жауапкершілігі артады.<br><br>Суреттерге мұқият қарап, географиялық құбылыстарға мән беру арқылы кестедегі сұрақтарға жауап береді.<br><br>Топтарға бөлініп жұмыс жасайды. Жобаны сынып алдында қорғайды.<br><br>Өзі тұратын өлкені зерттеп, жоспар құрады. | Ауызша кері байланыс: *Жарайсың! Керемет! Пікірің тамаша!*<br>**Дескриптор:**<br>– мәтіннің мазмұнын түсінеді;<br>– идея/ұсыныс айтады;<br>– дамыту сұрақтарын зерделейді.<br><br>**Дескриптор:**<br>– топта жұмыс істей алады;<br>– дәлелдер мен мысалдар келтіреді;<br>– суреттерді негізге алып, постер жасайды; | Оқулық<br><br>Стикерлер, үлкен қағаз бен маркер<br><br>Оқулық<br><br>Флипчарт, фломастер, маркер<br><br>Кесте сызылған ақ қағаздар<br><br>Интербелсенді тақта |
| Бекіту<br>5 мин | **«Жадыңда сақта!»**<br>Экологиялық құқықбұзушылықпен таныстырады. Пікірлерді тұжырымдау мақсатында мұғалім оқушыларды ой елегінен өткізуге жетектейді. | Экологиялық құқықбұзушылық ұғымымен танысады. | – жаңа ұғымды меңгереді. | |
| Сабақтың соңы<br>3 мин | **«Біліміңді тексер!»**<br>Геодиктант. | Оқу ақпаратындағы білім оқушылардың қоршаған ортаға жауапкершілік пен қарау және өлкетану бойынша дағдыларын арттырады. | | Оқулық |
| Рефлексия<br>2 мин | «Жетістік баспалдағы» әдісі. Оқушылардың қандай білім баспалдағында тұрғандарын анықтауда жаңа мүмкіндіктер пайда болады. | Сабақ соңында оқушы бүгінгі сабақта өзін-өзі бағалайды. Балалар өздері қалаған баспалдаққа стикерді не қима қағазды орналастырады. Не үшін ондай баға қойғандарын түсіндіреді. | | Баспалдақ тақтаға ілінеді (ватманда, қағаз парағында) |



АРМАН-ПВ баспасы

1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№399 бұйрығына 68-қосымша

Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныптарына арналған
«Жаһандық құзыреттер» оқу курсы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы
(Ескерту. 68-қосымша жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің
21.11.2022 № 467 бұйрығымен)

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Жаһандық құзыреттер» курсының оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).
2. «Жаһандық құзыреттер» курсы білім алушылардың құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдеп нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.
3. Курстың мақсаты: бәсекеге қабілетті, мінез-құлық мәдениетінің стандартына сәйкес келетін және жаһандық құзыреттерге ие тұлғаны қалыптастыру.
4. Курстың міндеттері:
   1) білім алушылардың азаматтық ұстанымын және өз елінің мүддесіне қызмет етуге дайындығын қалыптастыру;
   2) білім алушылардың жеке қасиеттерін дамыту: адалдық, әдептілік, ізгі ниет, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік;
   3) білім алушыларда медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық дағдыларын қалыптастыру;
   4) салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру;
   5) экологиялық мәдениетті дамыту;
   6) қоғам өміріндегі діннің рөлі туралы түсінік қалыптастыру.
5. «Жаһандық құзыреттер» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі:
   8-сыныпта-аптасына 0,5 сағат, оқу жылында 18 сағат.

АРМАН-ПВ баспасы

## 2-тарау. Оқу курсының базалық мазмұны

6. Курстың оқу бағдарламасы білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленген алты бөлімнен (юниттер) тұрады.

«Этика және әдеп» бөлімі (юнит) білім алушылардың бойында адалдық, тәртіптілік, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік, әдептілік, ізгі ниет, және ұжымда жұмыс істей алу сияқты жеке қасиеттерін дамытуға, мінез-құлық мәдениетінің стандартын қалыптастыруға ықпал етеді.

«Азаматтық және патриотизм» бөлімі (юнит) өзін ел азаматы ретінде сезінуге, өзінің Отанға қатыстылығын сезінуге және оның мүдделеріне қызмет етуге, азаматтық ұстанымын көрсетуге дайын болуға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

«Медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылы» бөлімі (юнит) медиа кеңістіктің құралдарын талдауға, бағалауға және пайдалануға мүмкіндік беретін дағдыларды, сондай-ақ қаржыны басқару және өзінің қаржылық әл-ауқатын қамтамасыз ету дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

«Өмір сүру қауіпсіздігі» юнтиті қауіпсіз мінез-құлық, салауатты өмір салтын ұстану дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

«Экологиялық мәдениет» бөлімі (юнит) өз денсаулығына, табиғатқа ұқыпты қарайтын, қоршаған ортаға теріс әсердің салдарын түсінетін және белсенді табиғатты қорғау қызметін жүргізетін тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» (9-сынып) бөлімі (юнит) зайырлы мемлекет, діннің қоғам өміріндегі орны, жалған діни және деструктивті діни ағымдардың әсер ету қаупі туралы идеяны қалыптастыруға бағытталған.

### Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Білім алушыларда:

1) азаматтық ұстаным;
2) әлеуметтік жауапкершілік;
3) мінез-құлық мәдениеті;
4) басқаларға көмекке дайын және құрметпен қарайтын;
5) салауатты өмір салты және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары;
6) сыни, креативті және шығармашылық ойлау дағдылары;
7) алған білімдерін өмірде қолдану дағдылары;
8) зерттеу, жобалау, волонтерлік жұмыс дағдылары.

Осы оқу бағдарламасы негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныптары үшін «Жаһандық құзыреттер» курсының үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

АРМАН-ПВ баспасы

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
2. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.
3. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттер» оқу курсы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына 68-қосымша.
4. 5–11-сыныптарға арналған «Жаһандық құзыреттілік» курсын әзірлеу. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 400 б.
5. «Жаһандық құзыреттер» курсы бойынша педагогтерге арналған нұсқаулық. – Астана: Ы.Алтынсарин ат. ҰБА, 2022. – 339 б.
6. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығы.
7. Галиева З.Т. Формирование глобальной компетентности у учащихся высшей школы. Школа. Вуз. Наука: Материалы конференции аспирантов и студентов. – Бирск, 2002. – 61–63 стр.
8. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы, перспективы использования. – Москва: ИИО РАО, 2010. – 140 с.
9. Кішібаева Д.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. – Түркістан: А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2010. – 48–49-б.
10. Жұмабаев М. Педагогика, – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
11. Кобдикова Ж.У. «Үшөлшемді әдістемелік жүйе» оқыту технологиясы – білім беру сапасын арттырудың тиімді құралы: педагог кадрларға арналған оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Альманах, 2021. – 183 б.
12. Көшімбетова С.А. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008. – 232 б.
13. Көшімбетова С.А. Оқыту-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары. – Алматы: Білім, 2008. – 30 б.
14. Қисымова Ә.Қ., Увалиева Т.Ж. Оқыту технологиялары. І бөлім. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Мектеп, 2007. – 204 б.
15. Қисымова Ә.Қ., Увалиева Т.Ж. Оқыту технологиялары. ІІ бөлім. Оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Мектеп, 2007. – 265 б.
16. Нұркеева С., Алиев Б.Ш., Бердібаева Р.Қ. Өзін-өзі тану. Мұғалімге арналған әдістемелік құрал. 9-сынып. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2018. – 96 б.


АРМАН-ПВ баспасы

# МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ ... 5
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖОСПАР ... 6
КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР ... 7
ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАР ... 8
I БӨЛІМ. ЭТИКА ЖӘНЕ ӘДЕП ... 8
§1. Ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас этикасы мен отбасылық құндылықтар ... 8
§2. Адалдық пен әділеттілік – өмір ұстанымдары. Академиялық адалдық ... 10
§3. Саяхат этикасы: біз өз елімізді таныстырамыз ... 13
II БӨЛІМ. АЗАМАТТЫҚ ПАТРИОТИЗМ ... 15
§4. Біз біртұтас халықпыз ... 15
§5. Отаныма арналады ... 18
§6. Елім – менің жүрегімде! ... 20
III БӨЛІМ. МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ... 22
§7. Бейне хостинг не үшін қолданылады? Жалған танымалдық ... 22
§8. Отбасы кірістері мен отбасылық шығындар. Отбасы қорын жинақтау түрлері ... 25
§9. Тұрғын үй несиесі. Ипотека ... 28
§10. Отбасы бюджетін жүргізу ережесі. Жоспарсыз сатып алу ... 30
IV БӨЛІМ. ӨМІР СҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІ ... 33
§11. Ережелер мен заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік ... 33
§12. Жауапты іс-әрекет және инфекцияның алдын алу ... 35
§13. Жеке басына қол сұқпаушылық құқығы ... 38
§14. Зорлық-зомбылыққа жол жоқ ... 40
§15. Алғашқы көмек көрсету ережелері ... 42
V БӨЛІМ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ... 44
§16. Табиғатқа деген сүйіспеншілік ... 44
§17. Болашақта Жер қандай болу керек? ... 46
§18. Табиғи апаттар. Қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін жауапкершілік ... 48
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ... 52

АРМАН-ПВ баспасы

*Оқу-әдістемелік құрал*

**Бакытгуль Урынбасаровна Салыхова**
**Жазира Жайлаубековна Акимбаева**
**Рахиман Айтбаевна Абдраимова**

# ЖАҺАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕР
## Мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулық

Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сынып
мұғалімдеріне арналған нұсқаулық

**Бас редакторы** А.Бекболатова
**Редакторлары** Н.Абдижаппарова, Г.Кулдыбаева
**Техникалық редакторы** В.Бодарев
**Арт-директоры** О.Подопригора
**Көркемдеуші редакторы** Т. Давлетова
**Беттегендер** Г.Илишева, Л.Костина, Ж.Илахунова, Н.Нержанова

**Біздің мекенжайларымыз:**
Астана қ., 4-ы/а, 2-үй, 55-пәтер.
Тел.: +7 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz
Алматы қ., Ақсай-1А ы/а, 28Б үй.
Тел.: +7 (727) 973-83-83, 973-63-63. E-mail: info@arman-pv.kz
Павлодар қ., Академик Сәтбаев көшесі, 71-үй, 412-офис

**«Arman-PV baspasy» кітап дүкені**
Алматы қ., 8-ы/а, 87-үй, Тел.: +7 (727) 303-94-43

Теруге 25.10.23 берілді. Басуға 11.06.24 қол қойылды. Пішімі 60 x $90^{1}/_{8}$. Қағазы офсеттік.
Қаріп түрі «Times New Roman». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 7,0. Таралымы 2900 дана.
«Print House GERONA» типографиясында басылған.
Алматы қ., Сәтбаев көшесі 30А/3, Х.Ерғалиев жағалауы көшесінің қиылысы, 124-офис. Тел.: (727) 250 47 40.

**Артикул 808-013-002к-24**

АРМАН-ПВ баспасы